Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

6+

...Мен жастарға сенемін!
Мағжан

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№17 (606)
1 мамыр,
2025 жыл

БІРЛІК КҮНІ:

БІР ДАСТАРХАН БАСЫНДАҒЫ МЫҢ ТАҒДЫР

Күнтізбеде қызылмен боялған әр күннің өз айтары бар. Бірі тәуелсіздіктің ақ таңы туралы болса, енді бірі еңбек пен ерлік жайын еске салады. Сол секілді 1 мамыр да Қазақстан үшін өзгеше. Бұл – елдегі жүзден астам ұлт пен ұлыстың бір шаңырақ астында тату тіршілік кешіп жатқанын, бір-біріне құрметпен қарап, ортақ мүдде жолында бірлесе еңбек ететінін дәлелдейтін күн. Яғни, ел болмысының айнасы.

Қазақстан – кең байтақ жері бар, өткені мен бүгіні өрілген, көп ұлтты мемлекет. «Көп түкірсе – көл» демекші, біз үшін көптігіміз күш емес, бірлігіміз – күш. Бірігіп тірлік еткен ел ғана ұтады.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні 1995 жылдың 18 қазанында белгіленіп, мейрам 1996 жылдан бастап тойланып келеді. Жыл сайын мәні мен мағынасы тереңдеп, жаңа мазмұнмен толыққанын байқаймыз. Бұрын мерекелік концерт пен ұлттық дәмдер әзірлеумен шектелсе, бүгінде этномәдени саналуандықты, бейбіт күннің қадірін, көршімен тату болудың маңызын ұғындыратын үлкен платформаға айналды. Әсіресе, жастар үшін өзгеге құрметпен қарап, өзінің де тамырын танып, ұлттық болмысына бойлайтын мүмкіндік. Ал әртүрлі ұлттың әні, биі, тағамы бір арнада тоғысып, «Біз – бір елміз» деген ұғымды тереңдете түседі.

Көп этносты ел болу – кездейсоқ тағдыр емес. Алма ғайып заманда шартараптан бас сауғалап, тағдыр тәлкегіне түскен өзге ұлт өкілдері қазақ жеріне қоныс аударды. Оларға жер де, пана да берген қазақ халқы еді. Осылайша халқымыздың даналығы, кеңпейілдігі тарихта қалып, әлемге үлгі болды.

2

ТРЕНДТІҢ ТӨРІНДЕ – ТҰСАУКЕСЕР

Екі жастан асқан баланың тұсауын кескен ел ағаларын көрдік. Алайда егде жастағы азаматтардың тұсауын кестіргенді бұрын естімеуші едік. Әлеуметтік желідегі желдей тараған бейнежазбалар көптің сан алуан пікірін туғызды. Әдеттегідей, бірі даттайды, келесі бірі жақтайды. Нақтырақ айтсақ, бір бөлігі бұл әрекетті дәстүрден аттап кету, салтты бұрмалау деп бағаласа, енді бірі оны ерекше риясыз тілек пен құрметтің белгісі ретінде қабылдайды. «Жасы ұлғайған азаматтың тұсауын кесу – оның жаңа өмірге, жаңа бастамаға қадам басуын білдіреді немесе сәтсіз қадамын жаңадан бастау» деп пікір білдіргендер жоқ емес. Ал «Салтымызды мазақ етті-ау» дегендердің жазбасына қолдау көрсеткендер күн сайын артып келеді.

5-бетте



БІРЛІК – МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ АСЫЛ ДІҢГЕГІ

4



ҰЛТТЫҚ НАҚЫШ – ЗАМАНАУИ СӘН ҮЛГІСІНДЕ

8

Нұртөре ЖҮСІП, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

ЖУРНАЛИСТИКА – ӨМІРДІҢ ӨЗІ

Елордада жолыққан екі сырбойылық. Бірі саланың алғашқы баспалдағында тұрған жас маман болса, бірі қаламы ұшталған, елге есімі белгілі, тәжірибелі журналист. Сәті түскен сұхбатта балалық шақтағы алғашқы мақала, кітапқа деген сүйіспеншілік пен журналистика туралы сөз қозғадық. Ал кейіпкеріміз – Нұртөре Жүсіп.

10 ДӘПТЕР. 3000 КІТАП

– Нұртөре ата, 4-сыныптан бастап «Өскен өңір» газетіне мақала жазып, ал 7-сыныпқа келгенде «Алау» журналының бас редакторы болдыңыз. Айтыңызшы, ерте жастан жазуға не түрткі болды?

– Бала күнімде үйге жиырмадан астам газет-журнал келетін. Себебі әкем ел басқарған адам. Қазақша да, орысша да газет оқитын. Үйде «Жұлдыз», «Жалын», «Қазақстан әйелдері», «Мәдениет және тұрмыс», «Білім және еңбек» сияқты журналдар үйіліп жататын. Солардың бәрін әкем өзі оқып қана қоймай, маған да оқытатын. Кейде «Комсомольская правда», «Известия» газеттерін дауыстап оқып берші» дейтін. Бұл, бәлкім, менің жазуға деген қызығушылығымның бастауына себеп болған шығар.

Кеңестік дәуірде қазіргідей БАҚ көп болмады. Бірақ соған қарамастан, балаларға арналған басылымдар тұрақты шығып тұрды. Мысалы, қазіргі «Ұлан» сол кезде «Қазақстан пионері» деген атаумен шығатын. «Балдырған» журналы, «Спорт» газеті болды. «Қазақстан пионерін» мектеп жасындағы оқушылар белсенді оқитын. 4-7 сыныптағылардың мақалалары, өлеңдері жиі жарық көретін. Оларды көріп отырып, «неге мен де жазып көрмеймін?» деген ой келетін. Алғаш жарық көрген материалым – «ауылда сенбілік өтті, адамдар қатысты» деген мазмұндағы шағын ғана ақпарат еді. Сөйтіп, аудандық газетке алғашқы мақалам шықты. Кейін редакциядан «Жазып тұр» деген хат келді. Ал сол жылдары ауылда хат алу деген үлкен оқиға еді. Газет бетінен аты-жөніңді көргенде төбең көкке бір елі жетпей қалғандай болатын. Тіпті басқа оқушылардың алдында дәрежең көтерілгендей жүресің.

3-бетте

БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА ӨТКЕН ҰРПАҚ ТАҒДЫРЫ

Өткен ғасырда еліміздің басына ауыр қайғы мен ауыртпалық әкелген Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан шамамен 1,2 миллион адам қатысты. Бұл елдің сол кездегі жалпы халқының айтарлықтай бөлігі еді. Соғысқа қатысқан қазақстандықтар Кеңес армиясының әртүрлі бөлімдерінде ерлікпен шайқасты. Олардың ішінде 500-ден астам жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алды, ал 100-ден астамы Даңқ орденінің толық кавалері болды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ел басына түскен ауыртпалықты тек майданға аттанған жауынгерлер ғана емес, тылда қалған балалар да сезінді. Аштық пен жоқшылық, еңбекке ерте араласу – сол кезеңдегі балалар өмірінің шынайы көрінісі болды. Ұлы Отан соғысы – бүкіл ел үшін ауыр сынақ болды. Бұл зұлмат жылдар тек майдандағы сарбаздарға ғана емес, соғыс кезіндегі бейбіт халыққа, әсіресе балаларға да ауыр тиді. Соғыс өрті олардың балалық шақтарын ұрлады, аштық пен жоқшылыққа душар етті, кейбірін жетім қалдырды. Оларды балалық шақтың орнына ауыр еңбек күтіп тұрған еді. Соғыс басталғанда ер-азаматтардың көбі майданға аттанып, ауылдар мен қалаларда қарттар, әйелдер мен балалар ғана қалды.

7-бетте

Басы 1-бетте

БІРЛІК КҮНІ: БІР ДАСТАРХАН БАСЫНДАҒЫ МЫҢ ТАҒДЫР

Мерекемен бірге сонау 1995 жылы Қазақстан Халқы Ассамблеясы да құрылды. Биыл ҚХА-ға 30 жыл толды. Былтыр ассамблея республика бойынша 15 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырды. Осы жылы да жаңа бастамалар көп.

Алдағы уақытта 2026-2030 жылдарға арналған дамыту тұжырымдамасы әзірленбек. Сәуірде өткен ассамблеяның XXXIV сессиясында Мемлекет басшысы осындай тапсырма берді.

– Мен 2022 жылы Ассамблеяны дамыту тұжырымдамасын бекіттім. Оның мерзімі де аяқталып келеді. Сондықтан жаңа құжатты дайындау жұмысына қазірден бастап кірісу керек, яғни, 2026-2030 жылдарға арналған басымдықтарды айқындау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Президент өз сөзінде Ассамблея бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналғанын айтты.

– Әр жылдары елімізде түрлі диалог алаңдары мен қоғамдық органдар құрылды. Алайда бүгінгі мерейтойлық жиында Ассамблеяның қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдыру мен ұлттық бірегейлікті бекіту ісінде баламасы жоқ басты платформаға айналғанын және алдағы уақытта да солай болып қала беретінін атап өткім келеді. Ассамблея – мемлекеттігімізге арқау болған аса маңызды құрылым. Бұл – Ассамблеяға артылатын жүктің салмағы да жеңіл емес деген сөз. Ұлттық мүдделерімізді қорғап, егемендігімізді нығайту – қастерлі парыз. Мұны Ассамблея мүшелері терең сезінеді деп ойлаймын.

Басты міндет – Қазақстан халқының татулығы мен ауызбіршілігін, мемлекетіміздің тұтастығы мен киелі Тәуелсіздігімізді нығайту. Алдағы уақытта да солай болып қала бермек. Біз болашақта да осы бағытта нақты шаралар қабылдаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстанда жүз ұлт болса да, жүрек бір, тілек бір. Мәселен, Астана қаласында тұратын Түркия азаматы Айше Демир «Бірлік бар жерде береке бар» деген ұстанымды ұстанады.

– Қазақстанда тұрып жатқаныма бес жылдан асты. Осы елдің мейірімді халқы мен мәдениетіне етене сіңісіп кеттім. 1 мамыр мерекесін де ерекше тойлайды. Бұл күннің мәні мен мағынасы жүрегіме жақын. Түрлі ұлт пен ұлыстың бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқанын көрсететін ерекше мейрам. Біз үшін қазақ халқының бір-біріне деген құрметі мен сыйластығы үлгі боларлық құндылық. Сондықтан 1 мамырды тек мейрам емес, жүректерді жақындастыратын ортақ құндылық деп білемін, – деп пікір білдірді ол.

Бұл жылылық пен бірлікке толы мерекені көршілес Қырғызстан мен Өзбекстан да атап өтеді. Алайда аталған елдерде 1 мамыр тек «Еңбек күні» ретінде сақталған және оны тойлау ауқымы да анағұрлым кіші. Ресейде «Көктем және еңбек күні» деп аталады. Халық мерекені демалып, табиғат аясында серуендеп, түрлі шерулерге қатысу арқылы қарсы алады. Беларусьте де бұл күн өзінің еңбекке қатысты мазмұнын ғана сақтап қалған.

Достық үйі – әр елдің мәдениеті мен дәстүрін жаңғыртып, елдегі саяси өмірге араласуға белсене жұмыс істейді. Ал мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыру үшін Достық үйінің алар орны ерекше. Мұндай жұмысты аймақтағы Достық үйі де үйлестіріп отыр. Қазір облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы құрамында 11 этномәдени бірлестік пен 9 қоғамдық құрылым жұмыс жүргізеді.

Бірліктің, татулықтың ордасына айналған ғимараттың жұмысы бұдан әрі де жандана түседі. Өйткені өңірде жаңа Достық үйінің іргетасы қаланды. Бұл биылғы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толуына тамаша тарту болмақ.

Заманауи талаптарға сай, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілетін нысанға «ҚазАтомӨнеркәсіп» компаниясы демеушілік етіп отыр. Жаңа ғимарат татулық пен бірлікті одан әрі нығайта түсетін орталыққа айналары сөзсіз.

Ашық аспан. Алаңда сан түрлі ұлт. Қазақтың домбырасымен қатар өзбектің сурнайы, кәрістің чангуы. Түрлі тіл, түрлі киім. Ал олардың барлығын біріктіретін «Бейбіт өмірге алғыс» деген бір ғана ортақ үн бар.

Абзал ЖОЛТЕРЕК

Биылғы Қазақстан халқы Ассамблеясының кеңейтілген сессиясы «Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл» тақырыбымен өтті. Бұл жиын – елдегі татулық пен тұрақтылықтың тірегіне айналған ұйымның 30 жылдық мерейтойына арналды. Шараға 1600-ден аса делегат қатысты. Олардың қатарында біздің өңірден аттанған өкілдер де бар.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ: БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМНІҢ 30 ЖЫЛЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында шараның мән-маңызын Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ директорының орынбасары Дәулет Омаров, Қызылорда облыстық «Славяне» этномәдени бірлестігінің төрағасы Галина Щербакова, Қызылорда облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрағасы Айгүл Мұсабаева айтып берді.

– Биылғы Ассамблея сессиясына біздің өңірден 30-дан астам делегация өкілдері барып қатысты. Бұл – еліміздегі ұлтаралық татулық пен қоғамдық келісімге берілген зор мәннің көрінісі.

Қызылорда өңірінде де Ассамблея жұмысы жүйелі түрде жұмыс істеп келеді. Этномәдени бірлестіктер мен қоғамдық құрылымдар бірлік пен өзара түсіністікті нығайту жолында белсенді қызмет етіп жатыр. Олардың басты міндеті – ұлтаралық келісімді, бейбіт өмір мен достықты насихаттау. Ассамблеяның өңірлік құрылымдары мәдени шаралар, қоғамдық кездесулер мен білім беру жобалары арқылы ел бірлігіне өз үлесін қосып келеді. Қоғамдық келісімді сақтау жолындағы бұл жұмыс еліміздің тұрақты дамуына бағытталған маңызды қадам, – деді Дәулет Кәрібайұлы.

Галина Щербакова биылғы Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясы бірлік пен келісімнің маңызын тағы бір мәрте айқындаған маңызды шара болғанын айтты.

– Ассамблея – әр этностың мәдениетін сақтауға ғана емес, ортақ құндылықтар төңірегінде бірігуге мүмкіндік беретін алаң. Біз, «Славян» бірлестігінің өкілдері, қоғамдық келісімді нығайту ісіне үлес қосуды өзіміздің азаматтық парызымыз деп білеміз. Алдағы уақытта Қызылордада жаңа Достық үйі салынады деген жағымды жаңалықты үлкен қуанышпен қабылдадық. Бұл – этномәдени бірлестіктер үшін зор қолдау және ортақ жұмысқа ынталандыратын игі бастама. Осындай қамқорлық пен қолдау үшін аймақ басшылығына зор алғысымызды білдіреміз. Бұл жоба бірлік пен ынтымақты одан әрі нығайтуға жол ашады деп сенеміз, – деді Галина Сергеевна.

Ал Айгүл Мұсабаева биылғы үлкен мерейтойлық Ассамблея сессиясына қатысып, ел үшін маңызды бағыттар бойынша бағыт-бағдар алғанын атап өтті.

– Аналар кеңесінің жұмысы жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. Кеңес мүшелері бірнеше әлеуметтік және тәрбиелік жобалардың басында жүр. Мақсатымыз – отбасылық құндылықтарды нығайту, жастар тәрбиесіне үлес қосу және қоғамда тұрақтылықты сақтау. Қазіргі таңда кеңес «Айналайын» бағдарламасы, «Ақ орамал» жобасы, сондай-ақ «Сарбаздар анасы» атты жобалармен белсенді айналысып келеді. «Ақ орамал» жобасын біз «Сарбаздар анасы» жобасымен ұштастыра отырып жүзеге асырдық. Бұл бастама – әскери борышын өтеуден қашқандарға ой салу, отансүйгіштік пен жауапкершілікке үндеу мақсатында әзірленді. Жоба аясында аналар арқылы жастарға тәрбиелік әсер беру көзделіп отыр, – деді Айгүл Нажмадинқызы.

«АЖ» ақпарат

ХАКІМ АБАЙ ДЕГЕНІҢ – ХАҚТЫҢ СӨЗІ, АҚЫН АБАЙ ДЕГЕНІҢ – ДАЛА СЫРЫ

«Болашақ» жоғары медициналық колледжінің жалпы білім беру пәндері циклының «Хакім Абай дегенің – хақтың сөзі, ақын Абай дегенің – дала сыры» атты апталығы аясында Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетімен бірлесіп ұйымдастырылған «Толғауы тоқсан қызыл тіл...» атты облыстық мүшайра өтті.

Студенттер арасында өткен жыр додасына техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының 1-2 курс білім алушылары қатысты. Байқауға Қорқыт ата атындағы университет оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Айман Айтбаева, «Болашақ» университетінің оқытушысы Ләззат Сапартаева және ақын, «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Аружан Оралбай қазылық етті.

Қатысушылар алғашқы кезең бойынша Абай өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқыды. Сыннан сүрінбей өткен жас ақындар келесі кезеңде Абай Құнанбайұлына арнаған өлеңдерін паш етті.

Қос кезеңнің нәтижесі бойынша үздік өнер көрсетіп, жүлделі I орынды М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары педагогикалық колледжінің студенті Айшуақ Жолдыбай иеленсе, II орынды Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжінің студенті Жанетта Тасқожа мен И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінің студенті Құдайберген Тұрсынбай еншіледі. Ал III орынға М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары педагогикалық колледжінің студенті Шадман Теміршеқызы лайық деп танылып, арнайы дипломдармен марапатталды.

А.МАРАТҚЫЗЫ

◀ 28 СӘУІР ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ КҮНІ

ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ МАҚТАНЫШЫ

Еңбек адамдары – ел дамуының негізгі тірегі. Олардың қауіпсіздігі мен денсаулығы – қоғамның басты байлығы. 28 сәуір – Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні осы еңбек адамдарының құқықтарын қорғауға, олардың қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге арналған маңызды күн.

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстағы еңбек қатынастарының жай-күйі, өндірістік жарақаттардың алдын алу және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау бойынша атқарылған жұмыстар туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің бөлім басшысы Болат Досымов, облыстық кәсіподақтар орталығы төрағасы Мақсұт Нәлібаев және облыстық кәсіподақтар орталығы төрағасының орынбасары Марат Бәйімбетов айтты.

– Еңбек – біздің өміріміздің маңызды бөлігі. Әрбіріміз еңбегіміздің әділ бағаланып, ең бастысы, қауіпсіз ортада атқарылғанын қалаймыз. Жұмыс орнындағы жарақаттану мен жазатайым оқиғалардың алдын алу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Жұмыс берушілер қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға жауапты болса, қызметкерлер еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтап, өз құқықтарын біліп, тәуекелдерге жол бермеуі тиіс. Осы мақсатта облыс аумағында жазатайым оқиғаларға арнайы тергеп-тексеру жүргізілді. Департамент барлық жұмыс берушілерді еңбек қауіпсіздігін күшейтуге, алдын алу шараларын дер кезінде қабылдауға шақырады. Қауіпсіз еңбек – әр қызметкердің өмірі мен денсаулығының кепілі екенін естен шығармайық, – деді Болат Бекайдарұлы.

Ал Мақсұт Ыбырайханұлы бұл күннің маңызын атап өтті.

– Әлем бойынша жыл сайын 28 сәуірде Халықаралық еңбек ұйымының бастамасымен Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні атап өтіледі. Бұл күн – өндірісте қаза тапқан, жарақат алған және кәсіптік аурулардан зардап шеккен азаматтарды еске алуға арналған маңызды күн. Ол өндірістік процестерде адамның өмірі мен денсаулығы әрдайым басымдықта болуы керек екенін тағы бір мәрте еске салады. Қызылорда облысы аумақтық кәсіподақтар

бірлестігі 12 салалық кәсіподақтардан құралған, құрамында 1015 кәсіподақ ұйымы мен 96 812 мүшесі бар. Бүгінде облыста еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік-еңбек жағдайларын тұрақтандыру мақсатында 16 кәсіпорында салалық кәсіподақтармен бірлесіп мониторинг жұмыстары жүргізілді. Біз алдағы уақытта да еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды күшейте береміз,– деді Мақсұт Ыбырайханұлы.

Жиында Марат Серікбайұлы бұл күн – жұмыс орындарында қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау мәселесіне ерекше назар аударатын маңызды мереке екеніне тоқталды.

– Еңбек – кез келген қоғамның негізі, дамудың бастауы. Біздің облысымыздың өркендеуінде өз қолтаңбасын қалдырып жүрген қарапайым еңбек адамдарының еңбегі ерекше құрметке лайық. Олар таңның атысы, күннің батысы демей, өз ісіне адалдықпен қарап, экономикамыздың берік тірегі болып отырған нағыз қаһармандар. Облыстық кәсіподақтар орталығы тарапынан өндірістік жарақаттануды азайту, еңбек жағдайларын жақсарту бағытында бірқатар жұмыстар жүргізіліп келеді. Біздің мақсатымыз – әрбір еңбеккердің өз жұмыс орнында өзін қауіпсіз сезінуіне мүмкіндік беру. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық еңбек адамдарын еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға, өз өмірлеріне жауапкершілікпен қарауға шақырамын, – деді Марат Серікбайұлы.

«АЖ» ақпарат

Басы 1-бетте

Нұртөре ЖҮСІП, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

ЖУРНАЛИСТИКА – ӨМІРДІҢ ӨЗІ

7-сыныпта бізге педагогикалық институтты тәмамдап, жаңа оқытушы келді. Қазақ тілі мен әдебиеттен сабақ берді. Сол кісінің берген бағыты менің шығармашылыққа бет бұруыма ерекше ықпал етті. Сабақтан бөлек, мектебімізде «Алау» атты журнал шығатын. Онда 10-сыныпқа дейінгі оқушылардың шығармашылығы жарияланатын. Бір ғана дана шығады. Макетін де, түптеуін де қолдан жасаймыз. Ол жерде жазғанымызды қысқартып, тақырып қойып, қатесін түзетеміз. Қарап отырсам, бұл да редакторлыққа үйреткен үлкен мектеп екен. Ол кезде аса мән бермесек те, қазір ойланып қарасам, журналист ретінде қалыптасуымда үлкен рөл атқарған екен.

– Білуімізше, 10-сыныпта 3 мың кітап оқыған екенсіз. Ерекше есте қалған немесе қайта оқыған кітап бар ма?

– Кітаппен дос болу бала күнімнен қалыптасты. Расымен кітап қолдан түспейтін. Кейде жарық сөніп қалса да, майшамның түбінде оқитынбыз. Кітап оқудың берері көп: тіл байлығың артады, сөздік қорың молаяды, сауатты жазуға үйретеді. Үтір мен тыныс белгілердің барлығына көз қанығады. Жазамын деген адам ең алдымен көп оқу керек.

Мектептегі ұстазым бізді кітап оқуға, ізденуге баулыды. Оқыған кітаптарымызды 96 беттік дәптерге жаздыртатын. Ол жерде біз оқыған кітаптың авторын, қай жылы жазылып-басылғанын, оқиға желісі мен бас кейіпкерлер туралы дерек жазатынбыз. Арада уақыт өтті. 7…8…9…10-сынып. Ауылдық, аудандық кітапханадағы кітап қорынан кеміріп оқыдым ба, көп оқитынмын. Бағанағы қалың дәптердің 10-нан астамын толтырыппын.

Қатты әсер еткен кітаптардың қатарында Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі», Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі», Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», «Өлгендер қайтып келмейдісі» бар. «Абай жолын» мектепте оқысақ та, шын мәнінде түсінбеген екенмін. Қазір әр он жыл сайын қайта оқимын. Мысалы, былтыр жазда төрт томын қайта оқыдым. Бұрын мән бермеген тұстарды байқайсың, жазушы шеберлігіне тағы бір қанығып түсесің. Жалпы, бір кітапты бір рет қана оқу аздық етеді. Әбділдә Тәжібаев, Оралхан Бөкей мен Шерхан Мұртазаның шығармалары, Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» туындысы бәрі де менің өсуіме ықпал еткен қазыналар. Тургеневтің «Әке мен бала» романы қатты әсер етті. Одан кейін Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза», Лев Толстойдың шағын әңгімелерін де оқып шықтым.

Аралда қалып қойған Робинзон құмда аяқ ізіне қарап, жүрегі тарсылдап тұрып қалатын тұсы бар ғой. Оны оқып жатқанда майшам да таусылып, таңға дейін күтіп, жарық түскенде жалғастырып оқығаным есімде. Джек Лондонның «Ақ азуы», Майн Ридтің «Жұмбақ салт аттысы» да ерекше әсер қалдырған. Кітаптағы көріністер 1 ай бойы түсіме кіріп жүрген еді. Расымен көп жағдайда кітаптағы оқиғалар есте жатталып қалады. Кейде сөз сөйлегенде, тұрмыстық жағдайда, тіпті бала тәрбиесінде сол кейіпкерлердің сөзі, әрекеті еріксіз ойға оралады.

Жалпы, талғамай оқитынмын. Қолыма түскен кітаптың бәрін оқи беретінмін. Қазір тарихи романдар мен энциклопедиялық бағыттағы еңбектерге қызығамын. Үйде жинаған кітаптарым он мыңнан асты. Жазғы демалыс кезінде жыл сайын 250-300 данасын мектептерге тарту етемін.

Студент кезімнен бастап қалыптастырған бір әдетім бар. Айына екі рет кітап дүкенін аралаймын. Не шықты, ел не оқып жатыр? Соны қарап шығамын. Қазір өзіме «айына төрт кітап оқу» деген тапсырма қойдым. Егер орындамасам, келесі айда бір кітап «айыппұл» ретінде қосып оқимын. Жуырда Мұхтар Мағауиннің «Алтын Ордасын» оқып бітірдім. Ал Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін жыл сайын қайталаймын. Былтыр көрмеген тұсты биыл байқайсың. Қарап отырсаң, бәрін білетін сияқтысың, бірақ байқалмай қалған ой көп болады. Кітап – жаңа әлем. Ол көкжиегіңді кеңейтеді, қиялыңды ұштайды. Кітаптан алған әсер мүлде бөлек. Сондықтан журналистерге, жастарға айтарым кітап оқу керек. Оқылған дүниені көңілге тоқу керек. Бұл – үлкен байлық.

Сөренің алдыңғы қатарына жұрт сұраса бере алатын кітаптар қоямын. Ал өзім пайдаланып жүрген кітапты артына қоямын. Бұл – кітапты сақтау механизмім. Себебі көрген адам тек алдында тұрғанды көреді. Ар жағына қарай үңіле бермейді.

– Бастапқы арманыңыз дәрігер болу болса да, журналистикаға келдіңіз. Дәрігер адамның тәнін, журналист жанын емдейді. Осы салаға келгеніңізге өкінбейсіз бе?

– Жоқ, өкінбеймін. Мектепте 8-сыныпта оқып жүрген кезім. «Қызылорданың медициналық училищесіне ер балаларды емтихансыз қабылдайды» деген хабарландыру келді. Сыныптағы төрт бала құжаттарымызды әзірлеп, жолға шығуға бел буғанбыз. Шамамен 1976 жыл, 15 жастамыз. Егер төртеуіміз бірдей кетсек, сыныпта бар-жоғы 20 шақты бала қалар еді. Ол кезде бала саны азайып, мектеп жабылып қалуы мүмкін деген қауіп болды. Сөйтіп, мектеп директоры мен мұғалімдер бізді ауылда алып қалды. Содан дәрігер болу арманым кейінге қалып қойды. Осы арада мақала жазып жүріп, журналист боламын деп түбегейлі шешім қабылдадым.

Қазір 10-11 сынып оқушыларынан «кім болғың келеді?» деп сұрасаң, өкінішке қарай, көбісі нақты жауап бере алмайды. Мамандық таңдаудан бұрын, грант қуалау алға шығып кеткен. Қай жерге тегін оқуға түсе алады, балы төмені қайсы, соған қарай жүгіреді. Бұл – дұрыс үрдіс емес. Себебі адамның жүрегінен шықпаған, қызығушылығы жоқ мамандықпен өмір бойы айналысу өзіне де, қоғамға да зиян.

ҚЫСҚА СӨЗ, ҰТҚЫР ОЙ

– Бүгінгі журналистика туралы не айтасыз?

–Қазіргі журналистика технологиялық тұрғыдан айтарлықтай дамыды. Әлеуметтік желілердің пайда болуымен ақпаратты жедел алу мен тарату мүмкіндігі күрт артты. Бұрын біз блокнот пен қалам алып, еңбек адамымен тілдесуге баратынбыз. Сөйлесіп, суретке түсіріп, арнайы іссапармен репортаж, очерк жазатын едік. Газетке шығару процесі де ұзақ еді. Ал қазір жағдай мүлде басқа. Барлығы компьютермен, интернетпен істеледі. Жеделдік артты, ақпаратты таратудың түрлі платформалары бар. Бұл – жаңа журналистиканың мүмкіндігі мен жетістігі. Ал контент таңдау еркі оқырманның өзінде. Бұл да заманның берген артықшылығы.

Дегенмен «әттеген-ай» дегізетін тұстары да бар. Қазіргі тілшілердің көбі кітапты аз оқиды. Сондықтан да жазған мақалаларда үстірттік байқалады. Фразеологиялық тіркестер, грамматикалық сауат, аударма сапасы мен тіл тазалығы жағынан кемшіліктер көзге түсіп жатады. Дикторлар да, тілшілер де асығыс жазады, ал оны түзететін, редакциялайтын адам күннен күнге азайып барады.

Бұрын Бекболат Әдетов, Жұмабай Шаштайұлы, Сабыржан Шүкірұлы сынды ағаларымыз бар еді. «Егемен Қазақстанда», «Қазақ әдебиетінде» жүз мақала шықса, соның он бесеуіндегі кемшілікті көрсетіп, тілдің тазалығын қадағалап отыратын. Қазір сол дәстүрді Қайнар Олжайдың сабақтары жалғастырып отыр. Бұл – өте қажет әрі құнды дүние.

– Қысқа, нұсқа жазу қиын деседі. «Егемен Қазақстан» газетіндегі «Оймақтай ойға» тоқталыңызшы. Бұл айдарда түйткілді мәселе 2-3 сөйлеммен ғана жазылатын.

– Шерхан Мұртазаның тұсында «Бір ауыз сөз» деген айдары болған еді. Ол 10-15 сөйлемнен тұратын, 40-50 жолдық материал іспетті еді. Кейін Нұрлан Оразалин ағамыз «Егемен Қазақстанның» бас редакторы болды. Ол кісінің өзі де көлемді жазатын. Мен наразылығымды айтып «Осынша бес беттік мақаланы қысқартып беруге болады ғой» деп Нұрлан ағаның алдына кірдім. Ол кісі: «Онда өзің жазып көрші, қысқа етіп, жеткізіп айтып көр» деді. Міне, солайынан 3 сөйлеммен жазып беріп отырдық.

Осылайша «Оймақтай ой» айдары өмірге келді. Әуелде бұл – ойды қысқа, нұсқа, бірақ өткір етіп жеткізу үшін ашылған айдар болатын. Кейін келе «цитаталар жинағына» айналып кетті. Бірақ бастапқыда көзделген мақсат – аз сөзбен көп мағына беру еді.

– Бүгінде «Шабытым келмей жатыр, мотивация керек» дегенді жиі естиміз. Бірақ журналист жазуға шабыт іздемеу керек, жазуға машықтану қажет. Жазу дағдысын қалай қалыптастырамыз?

– Жазуға машықтану – міндетті түрде керек дүние. «Кабинетім болса», «Үйде тыныштық орнаса», «Балам шуламаса», «Ешкім келіп-кетпесе» деген сияқты түрлі талап көп жағдайда жазғысы келмейтін адамға сылтау. Мәселен, Бейімбет Майлин кеңседе отырып-ақ, сыртта бала жылап жатса да, жүз адам кіріп-шықса да, күй талғамай жаза берген деседі. Сол сияқты нағыз журналист боламын деген жас жеткіншекке арнайы шабыт іздеудің қажеті жоқ. Ең бастысы – тәртіп. Жұмыс істеудің тәртібін, жазу ретін бекітіп алу қажет. Алдымен қажетті ақпараттарды жинау, іздену, салыстыру, деректердің дұрыстығына көз жеткізу – осының бәрі жазуға дайындық процесі. Осы машыққа бейімделсең, жазу өзінен-өзі келеді.

Қазір, өкінішке қарай, қалам ұстағандардың көбі жоспарлы жұмыс істеуге бейім емес. Сондықтан да айлық өнімділік те төмен болып жатады. Ал журналистика – өмірдің өзі. Үздіксіз жаңалық, тоқтаусыз қозғалыс. Сол оқиғаларды ой елегінен өткізіп, халыққа пайдасы тиетін, құны ескірмейтін дүние етіп жазу керек. Бұл үшін тәртіп пен тұрақтылық ауадай қажет.

– «Біз кімнен кембіз?» атты мақалаңызда: «Қазақ біреуден қорлық көрсе, я өз мініне лайық сөз естісе, қабілеті жетпей жатса онысын өз бойынан іздемейтіні, дереу басқадан көретіні бар» деп жазған екенсіз. Осы мәселенің бүгінгі бейнесі қандай? Біз әлі де өзгені кінәлауға жақынбыз ба?

– Өкінішке қарай, бұл мінез бүгін өзгерді деп айта алмаймын. Адамның табиғатында бар қасиет – уақытпен бірге жойыла салмайды. Мәселен, Абайдың сөздеріне зер салсақ, сынап-мінеген кеселдердің көбі әлі де қоғамда бар. Заман ауысты, ғасыр жаңарды, технология дамыды, бірақ адамның ішкі кемелденуі – аса баяу жүретін процесс. Біреудің мініне үңілу, өзгеден кінә іздеу, өз жауапкершілігін мойындамау – бұрыннан қалған әдетіміз.

– Әсерлі әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Әлия ТӘЖІБАЙ,
Астана.



Бірлік – мәңгілік елдің асыл діңгегі

«Бірлік болмай, тірлік болмас», – дейді дана халқымыз. 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, осы ұлы ұстанымды айдай әлемге паш ететін ерекше мейрам. Бұл күн – әртүрлі этнос өкілдері татулық пен өзара сыйластықтың туын биік көтеретін ұлы дата. Қазақтың кең сахарасындай дархан жүрегіне сан ұлттың өкілін сыйдырған киелі жердің рухы бүгінде мың сан адамды бауырмалдықтың бесігінде тербетуде.

Халықтар арасындағы достықтың шынайы көрінісін өз өмірлерімен дәлелдеп жүрген жастар арамызда аз емес. Біз сөзге тартқан Бахар Милиярова мен Константин Луца – сондай алтын ұрпақтың жарқын өкілдері.

Ұлттарға үлгі болған қазақ елі

Бахар Милиярова – Қызылорда облыстық түрік этномәдени орталығының мүшесі, «Ассамблея жастары» ұйымының белсендісі. Кейіпкеріміз әңгімесін бастағаннан-ақ, оның Отанға деген шынайы сүйіспеншілігі пен махаббатын аңғармау мүмкін емес еді.

– Халықтардың бірлігі күні мен үшін ерекше маңызға ие. Бұл мереке әртүрлі ұлттардың бір шаңырақ астында татулық пен түсіністікте өмір сүріп жатқанын айқын дәлелдейді. Түрік халқында да қонақжайлық, үлкенді сыйлау, адалдық пен достықты қадірлеу сияқты қасиеттер ежелден бері сақталған. Сондықтан біздің дәстүріміз осы мерекенің мән-мағынасымен тамаша үйлеседі, – дейді Бахар.

Күллі әлемге үлгі болар қазақ жеріндегі ұлттар достығының қайнар көзі – ортақ Отанға деген адалдық, тілге деген құрмет.

Бахар қазақ тілін кішкентайынан меңгерген екен.

– Бала кезімнен қазақ тілінде сөйлей бастадым. Сол себепті маған қазақ тілін үйрену қиындық туғызған жоқ. Қазақтың сөзі – көңілдің айнасы, жүректің үні. Өз Ана тілімді де, қазақ тілін де жетік меңгергенім үшін өзімді бақытты сезінемін, – дейді ол.

Бахардың сөзінен қазақтың қасиетті дәстүріне деген ілтипат анық аңғарылады. Әсіресе оған қазақ халқының қонақжайлық салты ерекше ұнайды екен.

– Қазақта «Қонақ – Құдайдың бергені» дейді. Осы сөз маған ерекше әсер етеді. Бұл дәстүр адамның жүрегінің кеңдігін, пейілінің дархандығын білдіреді. Түрік халқында да қонақты құрметтеу аса маңызды. Сондықтан қазақтың бұл дәстүрі менің жан дүниеме жақын, – дейді ол шабытпен.

Бахардың алдағы мақсаты – медицина саласының білгір маманы болу.

– Дәрігер болу – жүректен туған арманым. Болашақта адамдарға денсаулық сыйлап, науқастардың жүрегіне үміт шуағын себуді мақсат етемін. Шипагер болуды тек мамандық деп емес, сауапты жол, адамға деген сүйіспеншіліктің көрінісі деп есептеймін, – дейді ол сеніммен.

Өнер мен спортты серік еткен сері

Өзге ұлттың өкілі болғанымен, жүрегі қазақ деп соғатын келесі кейіпкеріміз – Константин Луца. Ол өнер мен спортты серік еткен дарынды жас. Сыр өңірінің тумасы және қоғам белсендісі. Бала кезінен қазақ тілін меңгеріп, қазақтың әндерін сахна төрінде әуелеткен ол – еліміздегі көпұлтты бірліктің нағыз үлгісін көрсетіп жүрген азаматтардың бірі.

– Ән мен спорт – менің өмірімнің қос қанаты. Ән маған сезімнің тереңдігін үйретсе, спорт табандылық пен ерік-жігерімді шыңдады. Әр қиындықты еңсеру арқылы мен бойымда сенім мен төзімділікті тәрбиеледім. Әрбір жетістігімнің артында еңбектің тері мен ұстаздардың ыстық ықыласы бар, – деп еске алады Константин.

Қазақ тілін меңгеру оңай болмаса да кейіпкеріміздің кездескен қиындықтар тоқтата алмаған.

– Шыны керек, қазақ тілін меңгеру барысында белгілі бір қиындықтармен бетпе-бет кездестім. Өйткені бұл тіл мен үшін мүлдем беймәлім еді. Кейде қорқыныш сезімі бойымды билегенімен, ешқашан тоқтап қалған жоқпын, қайта алға ұмтылып, үйренуге талпындым. Бұл жерде қазақ тілі пәнінен сабақ берген тамаша ұстаздарымның еңбегін ерекше атап өткім келеді.

Уақыт өте келе тағы бір қызық жайтты байқадым: қазақ тіліне деген сүйіспеншілігімді музыка оятқан екен. Нақтырақ айтқанда, қазақтың ән-күйі жүрегіме жол тапты. Әлі есімде, алғаш рет сахнаға шыққаным музыка пәнінің мұғалімі Аниша Жантайқызы арқылы болды. Бір іс-шарада ол маған қазақ тілінде ән орындауды тапсырды. Ән, қателеспесем, туған жер туралы болатын. Ол кезде мен ән мәтінін жаттап алсам да, мағынасын толық түсіне бермейтін едім.

Алайда осы сәттер мені терең ойға жетеледі: өз бетімше тіл меңгеру керектігін ұғындым. Кейін маған ата-анам компьютер сатып алып берген соң, интернетті меңгере бастадым. «YouTube» платформасына кіріп, қазақ әндерін іздеп тыңдайтын болдым. Сол кезде қазақтың халық әндері жаныма ерекше жақын екенін аңғардым. Осыдан кейін қазақ тіліне деген қызығушылығым одан әрі арта түсті, – дейді ол тебірене.

Константин үшін бірлік пен татулық – құр сөз емес, өмірлік ұстаным.

– Өз өмірлік тәжірибемнен түйгенім – әр адам ерекше, әрқайсысының өз ойы, өз көзқарасы, дүниетанымы мен идеологиясы бар. Сондықтан адамдар арасында өзара құрмет, төзімділік, түсіністік пен жағымды қарым-қатынастың болуы аса маңызды. Бүгінде мұндай қасиеттерсіз өмір сүру мүмкін емес. Заманауи қоғамда әр адам дипломатиялық қасиеттерді де бойына сіңіруі тиіс.

Мен ешқашан адамды ұлтына қарап бөлген емеспін. Адамды оның адамгершілік қасиетімен бағалаймын. Қазақстанда туып-өскенімді мақтан етемін. Бұл Отан – менің жүрегімнің төрі.

Шын мәнінде, мен өзімді елімнің ең шынайы патриоттарының бірі деп санаймын. Қазақстанның әр азаматына зор құрметпен қараймын. Қазақ ұлтының дәстүрлерін, ұлттық құндылықтарын, тіпті асханасын жақсы көремін. Осындай рухани байлық арқылы өмір сүру, әлемді танып-білу арқылы өмір жанданатын іспетті.

Менің ойымша, әр дүниенің позитивті қырын көруге ұмтылу керек. Адам жан-тәнімен қандай энергия таратса, сол энергия өзіне қайта оралады. Сондықтан біз бүгінде бірлігімізді сақтап, ынтымақ пен достықты нығайтуымыз қажет. Ұлтаралық араздық туғызғысы келетін арандатушылар, өзге де «тырнақ астынан кір іздеген» жандарға мән бермеу керек. Ең бастысы – адам болып қалу, – дейді ол жүрекжарды ықыласпен.

Сұхбат соңында кейіпкеріміз жастарға арнап бірнеше кеңесімен бөлісті.

– Әр адамның бойында қайталанбас қабілет пен ерекше күш бар. Ең бастысы оны уақытында танып, дамыту. Өз жолыңды тапқанда ғана адам шынайы өмір сүре бастайды. Жүректен туған істі атқарғанда ғана адам өзін толық іске асырады және таңдаған саласында үздік болуға ұмтылады.

Адам болу да – үлкен өнер. Бүгінде көпшілік сыртқы бейнеге мән береді, алайда шынайы адам болу – ішкі тазалық пен рухани дамуды талап етеді. Бұл – әр күн сайын өзіңмен жұмыс істеу деген сөз.

Өмірде тәуекелден қорықпау керек. Қиындықтар мен белгісіздік көбіне мақсатыңа жетудің тиімді жолы болады. Өз-өзіңді тыңдап, ішкі қалауыңды түсіну – адаспауға көмектеседі.

Өз-өзіңді таныған кезде ғана адам еркін болады. Уақытты бағалау, ішкі тыныштықты сақтау және өз-өзіне құрметпен қарау – бақыттың басты негізі.

Сондықтан дамудан ешқашан бас тартпаңыз. Себебі өмір тек сыртқы жеңістермен емес, ішкі жеңістермен өлшенеді, – дейді ол сөзін қорытындылап.

Бейбіт күннің бағасын білейік

Екі кейіпкеріміздің әңгімесінен ұққанымыз – тіл мен мәдениетті қастерлеу, өзара құрмет пен түсіністік – шынайы бірліктің алтын діңгегі.

«Тіл – ұлттың жаны» десек, әр ұлт өкілі қазақ тілін меңгеруі арқылы қазақ халқына, қазақ жеріне деген шынайы құрметін көрсетеді.

«Бақ қайда барасың?» – десе, «Ынтымаққа барамын», – дейді екен. Бүгінде дүние жүзінде бейбіт өмірді аңсап отырған халық қаншама?! Ал біз бейбіт күннің шуағында, бірліктің бесігінде тербеліп келеміз. Сондықтан бабалар аманатына адал болу – әр азаматтың парызы.

Мақаламыздың кейіпкерлері – Бахар мен Константиннің өнегелі жолы бүгінгі жастарға үлгі. Олар жүректерімен тіл үйренді, өнерімен достық көпірін салды, армандарымен Отанға адал қызмет етуді мақсат етті.

Бірлікті сақтау – ұлы мұрат. Ол үшін біз әрдайым бір-бірімізге сыйластықпен қарап, тілімізді құрметтеп, Отанымызды ортақ құндылық деп қабылдауымыз керек. Сондықтан бірліктің бағын бағалап, тілімізді төрге оздырайық, құрметті оқырман!

Нұршат НЫШАНОВА

Жәлел Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейінің 40 жылдығы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» мекемесімен бірлесе отырып, «Сөз маржан» атты зияткерлік сайысы өтті.

ЭТНОС ОҚУШЫЛАРЫ БАҚ СЫНАДЫ

Шараға «Қоғамдық келісім» мекемесінің бөлім басшысы Шахизат Абдраманова қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

Байқаудың мақсаты – оқушылардың тіл байлығын, ойлау қабілетін, ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыру, үштілділік бағытын насихаттау болды.

Байқау 5 кезеңнен тұрды. Бірінші «Кім тапқыр» – сұрақ-жауап сайысы, екінші «Ұшқыр ой» – мақал-мәтелдердің жалғасын табу, үшінші «Құпия сөз» – жұмбақ шешіп, оны орыс және ағылшын тілдеріне аудару, төртінші «Балама мағына» – фразеологиялық тіркестердің мағынасын табу (kahoot форматында) бесінші «Тіл – өнер» – «Достық, татулық» тақырыбына ойтолғау болды. Сайысқа қала мектептерінен іріктелген 6 оқушы қатысты.

Қазылар алқасы құрамында «Қоғамдық келісім» мекемесінің БАҚ секторының басшысы Әсел Абзал, аға сарапшы, тіл кабинетінің үйлестірушісі Гүлзира Сәрсенбек және «Студенттер Ассамблеясы» орталығының жетекшісі Исмаил Махадинов болды.

«Сөз маржан» – тіл мен өнердің тоғысқан, достық пен татулықты ұлықтаған алаңында оқушылар белсенділік танытып, үш тілді еркін меңгергенін, ұлттық тәрбиені бойына сіңіргенін көрсетті.

Шара соңында жүлдегерлер мен қатысушылар марапатталып, бағалы сыйлықтар иеленді. Сондай-ақ мектеп өнерпаздарының ән-шашуы тарту етілді.

«АЖ» ақпарат

ҚАЗАҚСТАН – ДОСТЫҚ МЕКЕНІ

Апта басында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай және 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында Қызылорда облысында «Қазақстан – Достық мекені» атты форум ұйымдастырылды.

Іс-шара аясында қатысушылар үшін Қызылорда қаласына арнайы экскурсия жүргізілді. Алғашқы аялдама – «Анаға тағзым» орталығы болды, мұнда тағылымды дәрістер тыңдалып, қала тарихымен танысуға мүмкіндік берілді. Қаланың ел астанасы болғанына 100 жыл толуына орай, тарихи-мәдени экскурсия ұйымдастырылды. Жаңартылған Орталық алаңмен танысқан қонақтар, «Достық үйі» ғимаратында экскурсия жасап, этномәдени бірлестіктердің жұмыс кабинеттерімен танысты. Экскурсия барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған бейнеролик көрсетілді.

Келесі кезеңде дөңгелек үстел форматында мазмұнды пікір алмасу ұйымдастырылып, қатысушылар өңірдегі белсенді этнос өкілдерімен кездесіп, достық пен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға бағытталған бастамалар талқыланды. Дөңгелек үстелде «Қоғамдық келісім» КММ директорының орынбасары Дәулет Омаров сөз сөйлеп, қатысушыларды құттықтап, еліміздегі этносаралық келісім мен бірлікті нығайтудағы маңызды қадамдарды атап өтті.

Шара соңында Жалағаш ауданындағы белсенді этнос өкілдері Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюповтың Алғыс хатымен марапатталды.

«АЖ» ақпарат

ТРЕНДТІҢ ТӨРІНДЕ – ТҰСАУКЕСЕР

(Басы 1-бетте)

Ендеше тұсаукесер дәстүріне тоқталсақ. Қазақ халқының ең көне дәстүрлерінің бірі. Баланың алғашқы қадамына тілек айтып, ақ жол тілеу мақсатында жасалатын бұл рәсім ежелден келе жатқан символдық мағынаға ие. Айта кететіні, тұсау кестіру үшін де ырымға балап, қайшы немесе пышақты ел алғысына бөленген, батасын алған азаматтарға тапсырады. Алайда бүгінгі қоғамда бұл салттың шеңберінен шығып, жаңа рең алуына қарап, «дәстүр дамып жатыр» деушілер де бар. Естеріңізде болса, осыдан 5-6 жыл бұрын дәл осы тұсаукесер дәстүрін жасаумен жарысқандар көбейді. Батыр кейпіндегі аниматорларды жалдап, аттарды мейрамханаға кіргізді. Енді бірі сәбиге көлік сыйласа, келесі бірі жасанды жүргізуші куәлігін сыйға тартып, қонақтарға ерекше әсер қалдырғандар болатын. Қазір бұл әрекеттер күнделікті тұрмыстағы тіршілікке айналғандай.

Мәдениеттанушылар мен этнографтар бұл құбылысқа әрқилы көзқараспен қарайды. Бірі салт-дәстүрлердің түпкі мәні мен формасын сақтау қажеттігін алға тартса, екіншілері заман ағымына сай бейімделу – мәдени мұраның өміршеңдігін арттырады деген пікірде.

Қалай болғанда да, тұсаукесердің бұл жаңа «нұсқасы» қоғамда елеулі реакция туғызып, ұлттық дәстүрлерге деген қызығушылықты арттырып отырғаны анық. Жаңа үрдіс қалыптаса ма, әлде бұл бір сәттік назар аударту ғана ма – оны уақыт көрсетеді. Осы тұста республикаға белгілі журналист-этнограф Сәкен Алдашбаев ерсі көрінген рәсімді «хайп қуалағандардың» ісі деп бағалайды. Ал жол ашу деген болатын болса, сол алғаш кестірген кей балаларымыз түзу жолдан адаспас еді, мүмкін қылмыскерлер болмас дейді.

– Жалпы алғанда салт белгілі бір нәрсеге сүйенуі қажет. Тұсаукесер жүре бара, уақыттың өтуімен қалыптасқан дүние. Алайда тұсаукесердің мақсаты – тікелей медицинамен байланысты. Тәй-тәй басқалы тұрған баланы ортаға шығарып, жүгіріп келген балаларға жетектетіп жүргізеді. Себебі, қол ұстасқан балалар энергияның 60-70 пайызын алақанымен жеткізеді. Бұны ғылымда «Иппотерапия» деп атайды. Бұл медицина саласындағы қолданыстағы тәжірибе. Ал ала жіпті қайшымен қию, пышақпен кесу сынды дүниелер сенім ретінде жасалатын әрекеттер. Мысалы, арамен кессек, қатты жүгіретін болады деген сенім де алдағы уақыттары пайда болуы мүмкін. Сондықтан салт, дәстүр, ырым деген дүниелер өзінің пайда болуымен, жаңарып тұруымен, жоғалып кетуімен құнды. Бірақ, қазіргі балаға да жасап жүрген тұсаукесердің негізі дұрыс болғанымен, сенімі дұрыс емес. Ал үлкендердің тұсауын кесіп жүруі, бұл бабаларымыздың тәрбие негізінде қалдырған құндылығын мазақ қылу деп түсінемін, – дейді Сәкен Алдашбаев.

Қазақ қоғамында әрбір салт-дәстүр тек ритуал емес, терең тәрбиелік мәні бар құндылық саналады. Осы тұрғыдан алғанда, тұсаукесердің мағынасы тек баланың алғашқы қадамы ғана емес, оның өмір жолына бағыт-бағдар беруді білдіреді. Ал егде жастағы адамның тұсауын кесу – көптің түсінігіне сыймай жатса да, бұл әрекет кей жағдайда символдық жаңғырудың, жаңа белестің бастауы ретінде қабылдануда. Біздің редакциялық құрам, жасы 26 жастан асып, өзінің тұсауын кестерген Айгеріммен (есімін жасыруды өтінді) тілдесіп көрдік. Оның пікірінше, ол осы уақытқа дейін бірнеше сәтсіздіктерге жолыққан. Соның зардабын тәй-тәй басқан уақытында тұсауын дұрыс кестірмеген жағдаймен байланыстырады. Ал желі қолданушылары жазған дәстүрді мазақ ету дегенмен келіспеймін дейді.

– 26 жасымда тұсауымды кесу анамның ұсынысы болды. Анамның айтуынша, бала кезімде ұмытып кеткен. Мақсаты – жақсылық болсын, өмірінде кездесетін қиындықтарды тез еңсерсін, жолы ашық болсын деген ниетте болды.

Дәстүрді мазақ қылу дегенге келіспеймін. Өйткені қазақ ырымға сенетін халық. Баласының уақытында кесілмеген тұсауын жақсылыққа жорып, салтты орындап жатса және бұл өз септігін тигізсе жақсы емес пе?!

Кейде тұрмысқа шығуға жасы келген қыздарды көп баласы бар ибалы келіншектер «Менің жолымды берсін, келін атансын, сәбилі болсын!» деген игі тілекпен тұсауын кеседі. Осыдан-ақ біз жасалатын жоралғының бәрі жақсылыққа ниеттенсе, оның ерте-кеші жоқ екенін байқауымыз және білуіміз керек.

Менің осы жылдың қаңтар айында тұсауымды үйде ата-анам алтын сақинасын сыйлап, ырымдап кескен болатын, артынша бір жұмадан кейін мені тағы қосымша жұмысқа шақырды. Бәлкім, бұл жағдайды кездейсоқтық дейтін шығармыз. Бірақ өзім тұсаукесердің әсері болды деп ойлаймын. Одан кейін де жеке өмірімде, жұмысымда, қаржылық жағдайымда көптеген жақсы жағдайлар орын алуда.

Дәстүрдің ерте-кеші жоқ, бастысы – ниет пен ықылас. Қазақтың кез келген жоралғысы адамның өміріне жақсылық тілеп жасалады, – дейді кейіпкеріміз.

Мысалы, әлеуметтік желіде тараған бір бейнежазбада ұзақ жыл ауыр дерттен кейін аяққа тұрған қарияның тұсауын кесіп, оған ақ тілек айтылған. Тағы бірінде өмірінде алғаш рет жеке кәсібін ашып, жаңа өмірлік белеске қадам басқан кісінің тұсауы кесілген. Бұл жағдайларда туыстары мен жақындары рәсімді рухани қолдау, мотивация беру ретінде өткізген.

Дегенмен этнографтар мен салт-дәстүр зерттеушілері бұл үрдіске абай болуға шақырады. Қазақы рәсімдердің мағынасы бұрмаланып, тек көңіл көтеру немесе елдің назарын аудару үшін қолданылып кетпеуі керек. Ұлттық болмысты сақтау үшін кез келген жаңашылдық салттың мәні мен мазмұнын жоғалтпауы тиіс.

Қорытындылай келе, ел арасында тараған бұл жаңа бағыт – қоғамның дәстүрге деген ықыласы мен саналы қызығушылығының бір көрінісі. Алайда әрбір жаңашылдық ұлттық сана мен салтқа сай болуы тиіс. Жаңаны жасау үшін ескінің негізін ұмытпау – ұлттың мәдени тұтастығының кепілі екенін жадымыздан шығармауымыз керек.

Айдос МЫРЗАЛЫ

БАТЫРДЫҢ ҮНІ – МӘҢГІ ЖҮРЕКТЕ

Биыл Батырхан Шүкеновтың өмірден өткеніне 10 жыл толды. Қанша жыл өтсе де Батырдың үні жүрегіміздің өшпейтіні анық.

Тыңдарман ретінде оның шығармашылығымен ерте жастан таныстым. «Отан Ана», «Сағым дүние», «Твои шаги» сияқты әндері көңіліме жақын болды. Әр туындысында шынайы сезім мен биік мәдениет байқалатын. Батыр тек әнші емес, композитор, саксофоншы әрі кәсіби музыкант еді. Әсіресе, саксофонмен орындаған әуендері ерекше әсер қалдыратын.

«Отан Анадан
қуат аламыз,
Алға жеңіспен
біз барамыз.
Бақта бұлбұл
сайрайды ұзақ,
Жайнайды
кең даламыз.»

Батырхан Шүкеновтің өнер жолы Қызылордада басталып, ТМД елдеріне дейін жалғасты. Ол Ленинград мәдениет институтында, кейін Құрманғазы атындағы консерваторияда білім алды. Музыка саласындағы кәсіби бағдарын Геннадий Гольштейн мен Владимир Рабик сынды ұстаздар қалыптастырды. «Арай» тобында өнер жолын бастап, кейін «А-Студио» құрамында кеңінен танылды. Дегенмен оның жеке шығармашылығы өз алдына бөлек құбылысқа айналды. Әндерінен өмірге, өнерге деген көзқарасын, ішкі дүниесін аңғаруға болатын.

Ол сахна сыртында да, өнерде де шынайы болды. Әнші болумен қатар, ол қоғам үшін де еңбек етті. ЮНИСЕФ елшісі ретінде балалар тағдырына бейжай қарамай, әлеуметтік жобаларға атсалысты. Президенттің мәдениет жөніндегі кеңесшісі бола жүріп, ел өнерінің дамуына үлес қосты. Осындай ел үшін қызмет етуі оның тек дарынды ғана емес, ұлт жанашыры екенін көрсетті. Батырсыз өткен 10 жыл ішінде қазақ музыкасы елеулі бір тұлғасын сағынумен келеді. Оның артында мол мұра қалды. Әр әні – шынайылық пен ізгілікке құрылған туынды. Батырдың есімі қазақ музыкасының тарихында айрықша орын алады.

Динара ЖҰМАДІЛ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда
университетінің студенті

29 сәуір – халықаралық би күні

БИ – МӘДЕНИЕТТІҢ БИІК ШЫҢЫ

Халықаралық би күні әлемнің түкпір-түкпірінде жыл сайын 29 сәуірде атап өтіледі. Бұл күнді 1982 жылы ЮНЕСКО жанындағы Халықаралық театр институты бекіткен. Датаның таңдалуы балет өнерінің негізін қалаушылардың бірі, француз хореографы Жан-Жорж Новеррдің туған күніне орайластырылған. Қазақ халқы үшін би – сөзбен айтып жеткізе алмайтын сезімді қимыл арқылы өрнектейтін ерекше өнер. Ежелден келе жатқан алтыбақан маңындағы ойындар, қыз ұзату тойларындағы шырайлы билер қазақ би мәдениетінің бастауы болды. Атаулы күн қарсаңында Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Томирис» би ансамблінің көркемдік жетекшісі Мөлдір Тойбазарова мен «Ai-aru» заманауи би ансамблінің көркемдік жетекшісі Замира Стықбаева мерекенің маңызын тілге тиек етті.

– Би өнері ең алдымен үлкен талғампаздық пен нәзіктікті талап ететін ерекше сала. Бишінің сахнадағы ғұмыры ұзақ емес, себебі уақыт өз талабын қояды: жастың келуі, дене мүмкіндігінің өзгеруі – бәрі де



сахналық өмірдің уақытша екенін дәлелдейді. Дегенмен қысқа уақыттың ішінде өз есімін өнер тарихында қалдырған бишілеріміз аз емес. Ұстазымыз, «Томирис» би ансамблінің бас балетмейстері Гүлбану Елубайқызының жетекшілігімен жұмыс істеп келеміз. Ол кісінің кәсіби біліктілігі мен талапшылдығының арқасында талай додада топ жарып, көптеген республикалық және халықаралық би байқауда биіктен көрініп келеміз. Ұжымымыз би өнерінің мәнін терең түсініп, әр қимыл, әр ырғақ арқылы қазақтың бай мәдениетін, ұлттық рухын сахна төрінде паш етіп жүр, – деді Мөлдір Ақтілеуқызы.

Ал «Ai-aru» заманауи би ансамблінің көркемдік жетекшісі би арқылы адам өз сезімін, ойы мен армандарын жеткізетінін айтты.

– Бұл өнер түрі уақыт пен кеңістікті, тіл мен ұлтты бөле алмайтын ұлы күшке ие. Әр ұлттың өз биі бар, әр бидің өз тарихы, өз үні бар. Кеше ғана Түркістан облысында өткен «Turan Dance» халықаралық би байқауында қаншама талантты қатысушылар арасынан суырылып шығып, үздік өнер көрсетіп, арнайы жүлдені жеңіп алдық. Бұл – біздің ұзақ уақыт бойғы еңбегіміздің, өз ісімізге деген шынайы махаббатымыздың жемісі. Сондай-ақ, жеңіс әрбір бишінің табанды дайындығының нәтижесі екенін мақтанышпен айтамын. Алда да талай биіктерді бағындырып, қазақ өнерін әлем сахналарында паш етеміз деп сенемін, – деді Замира Тоқтарқызы.

«АЖ» ақпарат

ТІЛ МЕН НАМЫС

Қазақ тілі – халқымыздың ұлы мұрасы, ұлттық болмысымыздың айнасы. Алайда бүгінгі таңда кейбір қазақ баласы ана тілінде сөйлеуді ұят санап, өзге тілдерде сөйлеуді мәртебе көріп жүр. Мұндай жағдай тек тілге деген немқұрайлылықты емес, ұлттық сананың әлсіреуін көрсетеді. Осы мәселеге терең үңілу – ұрпақ алдындағы жауапкершілік.

Кеңестік кезеңнен бастау алған орыстандыру саясаты қазақ тілінің қоғамдық өмірдегі қолданысын шектеп, ұлттық санамызға үлкен ықпал етті. Сол кезеңде қазақ тілін «төменгі деңгейдегі тіл» деп көрсету әрекеттері ұрпақ санасына сіңірілді. Нәтижесінде, тәуелсіздік алғаннан кейін де кейбір адамдар өз ана тілінде сөйлеуге қысылып, өзгелердің алдында орысша не ағылшынша сөйлегенді «жақсы» деп қабылдай бастады.

Бұған қоса, қазіргі жаһандану заманында ағылшын тілін білу қажеттілікке айналғаны рас. Бірақ бұл қазақ тілінен бас тарту дегенді білдірмеуі керек. Қос тілділік – артықшылық, ал ана тілін елемеу – ұлт болашағына қауіп.

Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол – ұлттық болмыс пен рухтың негізі. Қазақ тілін меңгеру – ұлт алдындағы парыз. Мысалы, Әлихан Бөкейхан: «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген. Ана тілінде сөйлемеу – тек білімнің емес, ұлттық намыстың әлсіздігін көрсетеді.

Қазіргі уақытта қазақ тілін қолдау мақсатында мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар іске асырылып жатыр. Бірақ қоғамның өзі белсенділік танытпаса, бұл әрекеттер жеткіліксіз. Әр азамат өз баласына қазақ тілін үйретіп, сол арқылы ұлттың болашағын сақтайды.

Қазақ тілінде сөйлеу – ұят емес, мақтаныш. Бұл – ата-бабамыздан қалған аманат. Ана тілін ұмыту – өз болмысыңнан айырылу деген сөз. Егер біз ұлттық тілімізді қолдамасақ, ұрпағымыз ана тілінен алыстап, өзге мәдениеттердің көлеңкесінде қалады. Сондықтан әрбір қазақ ана тілін білуге, құрметтеуге және мақтан тұтуға тиіс.

Гүлсезім ЖҰМАҒҰЛ,
Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы жас тілші үйірмесінің оқушысы

ҰБТ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУ ҚАНШАЛЫҚТЫ ТИІМДІ

Еліміздің білім беру жүйесінде Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) оқушының білім деңгейін бағалау мен жоғары оқу орындарына түсуінің негізгі құралы ретінде қолданылады. 2004 жылдан бастап енгізілген бұл жүйе жыл сайын мыңдаған түлек үшін тағдыр шешер сынаққа айналып отыр. ҰБТ – форматы жағынан әлемдік стандарттарға сай келетін, орталықтандырылған, бірізді және ашық емтихан. Дегенмен, бұл жүйенің тиімділігі мен салдарына байланысты пікірталас әлі де жалғасуда.



2023 жылғы ресми деректерге сүйенсек, елімізде 290 мыңнан астам түлек ҰБТ-ға қатысқан. Оның 111 мыңы мемлекеттік білім грантына үміткер болды. Бұл – ҰБТ-ның жоғары білімге қол жеткізудің басты құралы екенін дәлелдейтін көрсеткіш. Сонымен қатар соңғы жылдары цифрлық форматқа көшу, сұрақтардың жаңартылуы және екі рет тапсыру мүмкіндігінің берілуі жүйенің ашықтығын арттырып, оқушыларға әділеттірек мүмкіндік беріп отыр.

ҰБТ-ның басты артықшылығы – барлық оқушыны бірдей талаппен бағалау арқылы білім беру жүйесіндегі теңсіздікті азайту. Емтихан нәтижелері автоматты түрде өңделеді, бұл жемқорлық тәуекелдерін жояды. Сонымен қатар, тестілеу баланың оқу жетістігін нақты көрсететін статистикалық құрал ретінде де қолданылады. Облыстар, мектептер, тіпті пәндер бойынша жалпы білім сапасын талдауға мүмкіндік береді.

Алайда, бұл жетістіктердің көлеңкесінде ескерусіз қалған маңызды мәселе – психологиялық қысым. ҰБТ көбіне оқушы үшін білім сынағы емес, өмірлік мүмкіндік секілді қабылданады. Бұл – оқушының күйзеліске ұшырап, шынайы әлеуетін көрсете алмауына әкелетін факторлардың бірі. Республикалық психология орталығының мәліметінше, ҰБТ тапсыратын оқушылардың 67%-ы емтихан алдында мазасыздық пен күйзеліс белгілерін бастан кешіреді. Бұл көрсеткіш сынақтың тек білім емес, менталды саулыққа да тікелей әсері барын білдіреді.

Көп жағдайда оқушылардың ҰБТ-ға дайындығы пәнді терең түсінуге емес, форматты жаттап алуға бағытталады. Бұл білім сапасының сапалық емес, сандық тұрғыда бағалануына алып келеді. Сыни ойлау, шығармашылық қабілет, практикалық білім – бұл жүйеде толықтай ескерілмейтін өлшемдер. Демек, оқушыны көп қырлы тұлға ретінде емес, тек тест нәтижесімен өлшеу – өзекті проблема.

ҰБТ қазіргі білім жүйесіндегі ең ықпалды іріктеу тетігі екені даусыз. Ол тәртіп, әділеттілік, ашықтық сынды ұстанымдарға негізделгенімен оқушыға түсетін қысым, эмоционалды жүктеме және білімнің мазмұндық емес, формалық бағалануы – шешімін табуға тиіс күрделі мәселелер. Сондықтан бұл жүйені жетілдіру тек техникалық емес, мазмұндық, психологиялық тұрғыдан да жалғасуы қажет.

ҰБТ білім сапасын бақылаудың бірден-бір ұлттық стандарты болып қала береді. Бірақ оның тиімділігі тек нақты өлшеу көрсеткіштеріне ғана емес, жастардың өмірлік таңдауына, эмоционалды жағдайына қалай әсер ететініне де тікелей байланысты. Болашақ білім саясаты осы екіжақты тепе-теңдікті сақтауға бағытталуы тиіс.

Анеля ЖҰМАБЕК,
№125 High School YBYRAI ULTTYQ MEKTEBI,
11-сынып оқушысы

КҮНДЕЛІК – ІШКІ ДҮНИЕНІҢ АЙНАСЫ

Күнделік жазу – құдды бір медитациялық терапия іспетті. Қазіргі таңда бұл – өзін танудың, эмоцияларды реттеудің және өмірге басқаша көзқараспен қараудың тиімді құралына айналған. Кейде өмірде миды шатастыратын ойлар тым көп болып кетеді. Осындай кезеңде күнделік жазу, шимай-шатпақ ойларды қағаз бетіне түсіру адамға көп көмектеседі. Астын сызып айтар болсақ, пайдасы өте көп.

Адам баласының ішкі әлемі – терең әрі көп қырлы. Біз күнделікті өмірде сн мыңдаған ой ойлаймыз, сансыз сезімді бастан кешіреміз. Бірақ сол ішкі ағынды түсіну үшін кейде өз-өзіңмен тыныш отырып, ойларыңды қағазға түсіру керек. Күнделік жазу – бұл жай ғана естеліктерді жазу емес, бұл – өз санаңа қарау, ішкі дауысыңды тыңдау өнері. Сол арқылы адам өз сезімдерін, ойларын, армандарын немесе қорқыныштарын ашық әрі шынайы түрде білдіреді. Ол – сырласатын дос сияқты. Өз қолыңмен жазылған әр сөйлем сенің ішкі күйіңді айнадай көрсетеді: қай кезде қуанып, қай кезде алаңдағаныңды, қандай арман қуып, қандай нәрседен шошынғаныңды анық көруге мүмкіндік береді.

Күнделікті тұрақты түрде жазудың тағы бір үлкен пайдасы – өзін-өзі дамыту. Әр жазба арқылы адам уақыт өте келе ішкі өсуін, өзгерісін байқай алады. Бұл – өткенге шолу жасауға, қателіктерден сабақ алуға және болашаққа нық қадам басуға көмектесетін құрал.

Жеке күнделік – кез келген уақытта біреу тауып алуы мүмкін зат. Егер біреудің көргенін қаламасаңыз ешкім ойламаған жерге жасырыңыз. Біліп қойған жағдайда да аса ұяла қоймайтын оқиғаларды ғана жазыңыз. Ал егер алдажалда сондай күнделік секілді бір дүниені көзіңіз шалса, біреудің дүниесіне қол сұғып, ашып қарамағаныңыз абзал.

Көп дүниені миға сақтап, оған ауыр жүк артып аламыз. Мұндайда мидағы салмақты жеңілдетудің жолы – жазу. Күнделік жазуда арнайы бір ереже жоқ. Не қаласаңыз, соны жаза аласыз. Арман дейсіз бе, жоспар ма, тіпті сезімдерді барлығын жазуға болады. Бұл ойды тазартуға, эмоцияны басқаруға, өзіңмен жұмыс істеп дамуға оң әсерін береді. Сондай-ақ күнделікті күйбеңнен арылтып, шығармашылық қабілетті шыңдайды.

Көпшілік не үшін жазамын деп ойлауы мүмкін. Қарапайым дүкенге барардың алдында керек-жарақты қағаз бетіне түсіреміз ғой. Соған қарап, қажетімізді алып қайтамыз. Алуымыз тиіс зат сол қағазға түспей қалса, қалып қойып жатады. Осындайда «қап» деп өкініп қалатын жайт сіздерде де болатын шығар. Сол секілді жазу арқылы өзімізді ретке келтіреміз. Ол жерде ашу, ыза, кек сынды жағымсыз эмоцияны сыртқа шығарамыз. Ешкімге айта алмаған сырды жайып салуға да мүмкіндік бар. Бір сергіп қаларыңыз анық. Сонымен қатар, өткен күндері не істегеніңізді оқу арқылы да өзіңізге сырттай баға беріп, қай жолда жүргеніңізді бағамдай аласыз. Өмір жолында күнделік жазудың маңызы зор.

Бұдан бөлек, күнделік жазу адамның эмоционалды күйін реттейді. Стрессті жеңілдетіп, жан тыныштығын орнатуға әсер етеді. Кейде ішкі уайымдарды ешкімге айта алмай, өзімен күресетін сәттер болады. Сол кезде күнделік – ең сенімді тыңдаушы және емші.

Психологтарда осы әдісті ұсынады және мақұлдайды. Тіпті көптеген психологтардың өзі күйзеліске ұшыраған науқастарына күнделік жазуды ұсынады. Себебі, депрессияға ұшыраған жандардың көп бөлігі оларды тыңдайтын жанның жоқтығына шағымданады. Ал санаңы сан-саққа жүгіртіп, адамды әбігерге салатын көп ойлардан арылудың, сабырлылықпен дос болудың бірден-бір жолы ол – жеке күнделік жүргізу.

Күнделік – жай ғана дәптер емес. Ол – адамның ішкі тынысын бейнелейтін айна. Уақытыңды бөліп, ойыңды жазып тұру – өз-өзіңе деген қамқорлықтың бір түрі. Уақыт өте келе жазбаларды оқып, өзіңнің қалай өзгергеніңді, қандай жетістіктерге жеткеніңді байқайсың. Бұл алға ұмтылуға мотивация береді.

Қорыта айтқанда, күнделік – адамның ішкі жан дүниесінің шынайы көрінісі. Өз ойыңды қағазға түсіру арқылы сен өзіңді жақсырақ тани бастайсың. Ал өзін таныған адам ғана өмір жолында сенімді әрі бақытты қадам жасайды.

Арайлым ҚУАНЫШБЕКОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

Бүгінгі күннің жастары – кешегі армандардың шындыққа айналған көрінісі. Уақыт ағыны тоқтаусыз сырғыған сайын жаңа ұрпақтың алға қойған мұраты да биіктей береді. Сан түрлі ақпарат тасқыны, технологиялық серпіліс пен жаһандық бәсекеге толы заманда жастар үшін өз жолын табу қиын әрі қызықты.

ЖАСТАР ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ МҮМКІНДІКТЕР

Әлеуметтік желілер – бүгінгі жастың күнделікті серігіне айналды. Бұл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, білім алудың, кәсіп ашудың, тіпті өнер мен ойынды әлемге паш етудің алаңы. «TikTok» пен «Instagram» желілері тек ойын-сауық көзі емес, идея мен шабыттың, табыстың да бастауы бола алады. Алайда бұл әлемде адаспау үшін сана сарабы, жүрек тазалығы қажет.

Жастардың тағы бір өзекті мәселесі – өзін-өзі тану мен табу. Бүгінгі заманның басты сұрағы: «Мен кіммін? Не істей аламын?». Бұл – әр жасқа арналған үндеу, ойлануға итермелейтін сауал. Өзін іздеген адам ғана өзгеге жол көрсете алады.

Жоғары білім мен кәсіби даму да – қазіргі жастардың назарындағы маңызды тақырып. Заманауи университеттер, онлайн курстар, шетелдік бағдарламалар – бәрі де ашық. Бірақ білім – тек диплом емес, көзқарас пен жауапкершілік екенін түсіну қажет.

Психикалық денсаулық, жеке шекара, өзін-өзі дамыту, экология мен еріктілік – бұлар да жастар арасында кең таралған және күн тәртібіндегі мәселелер. Күрделі де, нәзік тақырыптар. Сол себепті олар жайлы ашық айту, пікір алмасу, ортақ шешім табу – қоғамның міндеті.

Жастар – елдің ертеңі ғана емес, бүгінгі өмірдің толыққанды мүшесі. Сол себепті олардың үні естіліп, ойы бағаланып, арманына жол ашылуы тиіс. Бүгінгі жас – өз болашағын өзі сомдайтын тұлға. Оған сенім мен мүмкіндік беру – баршамыздың борышымыз.

Адина ҰЗАҚБАЙ,
Қызылорда қаласы

КӨШЕ МӘДЕНИЕТІ:
ҚОҒАМДЫҚ ОРТАДАҒЫ ӘДЕПСІЗДІК НЕГЕ АРТУДА?

Қоғамның бет-бейнесі тек саясатпен немесе экономикамен ғана емес, адамдардың бір-біріне жасаған қарым-қатынасы арқылы да көрінеді. Біз өмір сүретін ортада мәдениеттілік – адамгершіліктің, тәрбие мен сананың көрінісі. Соңғы жылдары көшеде, қоғамдық көлікте, дүкендерде және басқа да ортақ кеңістіктерде әдепсіздік пен дөрекілік жиілеп кетті. Мұндай жағдай тек бір адамның емес, тұтас қоғамның ішкі мәдениетінің төмендеп бара жатқанын байқатады.

Адам баласы дүниеге келгеннен бастап алғашқы тәрбиені отбасынан алады. Үйде көрген үлгі баланың сана-сезіміне сіңіп, өмірлік ұстанымына айналады. Егер ата-ана баласына сыпайылықты, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету керектігін үйретпесе, ол мұндай қасиеттерді кейін қоғамнан да үйрене алмайды.

Егер бала кішкентайынан әкесінің көлік жүргізіп отырып, ашуға булығып, басқа жүргізушіні балағаттағанын көрсе, бұл оған қалыпты көрініс болып сіңеді. Ол да ер жеткенде дәл солай әрекет етуі мүмкін. Яғни, отбасында берілмеген мәдениет көшеде де көрініс таппайды.

Бұрындары көшеде біреу дауыс көтеріп сөйлесе немесе үлкенге орын бермесе, жұрт ескерту жасайтын. «Баланы ел тәрбиелейді» деген қағида бар еді. Ал қазір адамдар үндемейді, бейтарап қалуды жөн көреді. Бұл – немқұрайлылықтың, «менің шаруам емес» деген салғырт көзқарастың нәтижесі.

Мысалы, автобуста тұрған бір қарияға жастардың орын бермегенін көріп тұрып, ешкім сөз қозғамаса, ол жағдай қайталана береді. Керісінше, бір адам жай ғана сыпайы түрде ескерту жасаса, өзгелер де ойланып қалуы мүмкін. Қоғамдық мәдениет – бір адамның емес, бәріміздің жауапкершілігіміз.

Қазіргі жастардың көп уақыты интернетте өтеді. Олар блогерлерді бақылап, соларға еліктейді. Бірақ, өкінішке орай, кейбір танымал тұлғалар дөрекілік пен ашық балағаттауды «еркіндік», «ашықтық» деп көрсетіп жүр.

Бейәдеп сөздермен видео түсіріп, оны миллиондаған адам тамашалап, пікір қалдырса – бұл жастарға үлгіге айналуы мүмкін. Осылайша, мәдениетсіздік қалыпты нәрсе сияқты қабылдана бастайды. Әлеуметтік желіде сыпайы сөйлеп, мәдениетті пікір білдіретін адамдар аз болса, көпшілік дөрекілікке бейімделіп кетеді.

Мысалы, біреу қоғамдық орында темекі шегіп жатса, көп жағдайда оған ешкім тыйым салмайды. Ал шетелде мұндай әрекеттер үшін нақты айыппұл салынады. Сол арқылы қоғам мәдениетін заңмен де, қоғамның көзқарасымен де қалыптастырады.

Көшедегі мәдениет – біздің ішкі болмысымыздың сыртқа шыққан көрінісі. Әдепсіздік, дөрекі қарым-қатынас – бұл тек қоғамға емес, әр адамның өзіне де кері әсер етеді. Біз бір-бірімізге құрметпен, айналамызға мәдениеттілікпен қарасақ, қоғам да өзгереді. Көшеде басталатын сыпайылық – үйге, мектепке, жұмысқа, тіпті мемлекеттің болашағына әсер етеді.

Мәдениетті болу үшін жоғары білімнің болуы шарт емес. Ол – жүректе, санада, күнделікті әрекетте көрінетін қасиет. Сондықтан мәдениет үшін әрқайсымыз жауаптымыз. Әр адам өзінен бастап өзгере білсе – көшеде де, қоғамда да әдептілік үстем болмақ.

Аружан ЖҮСІПБЕК,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

Басы 1-бетте

БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА ӨТКЕН ҰРПАҚ ТАҒДЫРЫ

(ЕСТЕЛІК-ЭССЕ)

Ересектермен бірге балалар да тылда еңбек етіп, майданға көмектесті. Олар зауыттарда, егістік алқаптарында жұмыс істеп, оқ пен қару-жарақ дайындауға, азық-түлік өсіруге атсалысты. Бала еңбегінің ең ауыр түрлерінің бірі – шахталар мен зауыттардағы жұмыс болды. 10-15 жас аралығындағы жеткіншектер теміржолда жұмыс істеп, көмір қазып, егін жинап, майданға қажетті жүктерді тиеуге көмектесті. Балалардың нәзік, әлсіз қолдарына ауыр құрал-саймандар мен ауыр жұмыстардың жүгі түсті.

Зұлмат соғыс басталғанда мен небәрі 6 жастағы бала едім. Менің балалық шағым жоқшылық пен ауыр еңбектің ортасында өтті. Соғыс басталған сәттен анаммен бірге үй шаруасына, колхоз жұмысына араласуға мәжбүр болдық. Ол кезде ауылдағы барлық бала ересектермен бірге еңбек етті: бірі шөп шапты, бірі егін жинады, енді бірі мал бақты. Мен де қолымнан келгенше көмек көрсеттім. Жер жырту, егін егу, шөп шабу – барлығы сол кездегі ауыл балаларының мойнында болды. Бала болып ойнамай, ересектерше жұмыс істеуге тура келді. Анам жұрт қатарлы тылдағы еңбекке белсене араласып, ауылдағы басқа әйелдермен бірге майданға азық-түлік, киім-кешек дайындады.

Сол уақытта біздің үйіміз бұрыңғы Сырдария ауданына қарасты Жаңатұрмыс колхозында тұрған. Жаз жайлауы Сарысу өзенінің бойы болатын. Әкем сол колхоздың түйесін бағатын. Бір күні Ақарық колхозында бірге тұрған Жүсіпбек деген туыс ағамыз суыт күйде үйге келді де: «Елімізге Герман деген соғыс ашыпты. Мені сол соғысқа шақырып, соған кетіп бара жатырмын», – дегенді айтты. «Сіздермен қайыр-қош айтуға келіп отырымын», – деп көзіне жас алды.

Колхоз мал шаруашылығымен айналысатын. Оған қарасты фермада екі отар қой болатын. Бір отарын әкемнің інісі Әбдісаттар, екінші отарды Тілеубай бағатын. Жылқыны Есмағанбет бағады. Ферма бастығы – Досжан.

Фермаға көп ұзамай өгізарба келді. Арбаға тиеген 4-5 ағаш бөшке бар. Жаңадан қосалқы киіз үй тігілді. Бұрын саулық қойдан сауылған сүтті түргындар тұтынатын еді. Енді олай болмады, сауылған сүт майдан қажетіне өңделуі тиіс болды. Тақтайдан арнайы астау жасалды. Үлкен қазандарға шикілей сүт ұйытылды. Астау ішіне кенеп төселіп, әлгі ұйытылған сүт астауға салынады. Кенеппен орап, үстіне ауыр заттар қояды. Қатықтың бойындағы сұйықтық ағып, шамасы 2-3 сағаттан кейін ашады. Суы сарқылған қатық, бөлшектенбейтін шеміршектей қатты болады. Оны кенепке тигізбей төрт бұрыштап кесіп алып, су құйылып тұз салынған бөшкелерге салады. Бірнеше күн тұрғаннан кейін бөшкеден алып, ши үстіне жайып суын сорғытады. Бұл жей беруге дайын брынза болып шығады. Осы өнімді дайындаудың шебері – менің шешем Рысты болатын.

Күзге қарай Сырға келген соң «Мырзабай бауы» дейтін жерде қыстадық. Бұл жерде үш үй болдық. Бірі – Рақмет сиыршы, оның ересек қызы – Зағипа, бізбен қатарлас ер бала – Төлеш болды. Зағипа кейін Арын деген ағамызбен тұрмыс құрады. Бірнеше ұрпақ өсірді. Соның бірі Қайсар футбол клубының белді ойыншысы Қалымбетов Әбіл еді. Өкініштісі бұл ініміз ертерек дүниеден өтті. Екінші үй – Жүрсінов Смағұл болатын. Ол бұрынғы ферма меңгерушілігінен жоғарылап, колхоз партия ұйымының хатшысы болып сайланды. Үшінші – біздің үй.

Бір күні бір сиырымыз кешкі өрістен келмей қалды. Сыйырдың бұзаулауға жақын кезі болатын. Оны атқа мініп іздеуге шыққан әкем 2-3 шақырымдай жерде қыстап отырған інілерінің бірі Пазылға соғып, сұрау салады. Енді қозғалып жүре берген кезде абалаған ит аттың астына кіріп кетеді. Одан тулаған, мөңкіген ат құлайды. Құлаған аттың астында бір аяғы қалған әкеміз зардабын жыл бойы тартты.

Үйдің үлкен ұлы Биебай өгіз арбамен малшыларға шөп тасымалдайды. Колхоз орталығы Сарықұмнан көшіп, Бірқазан темір жол стансасының шығыс жағында Көкжиде деген жерге қоныстанды. Алдағы қысты көшкен колхоздың ескі орталығында 4-5 үй өткіздік. Бір күні көк көзді әскери формадағы киімі бар бір орыс пайда болды. Жас шамасы жиырмадан асқан болуы керек. Әр үйге қонақтап жүрді. Ол армиядан қашып жүрген екен. Кейін ескі бір жертөледе ажал құшқанын естідік.

Жаз шыға шешем мені бидай масағын теруге апаратын болды. Одан кейін күріштің арамшөбін теруге алып барды. Тізеге жететіндей суды кешіп жүріп арамшөпті теріп, орады. Менің жұмысым сол шөпті күріш шетіндегі атыз басына апарып тастау болатын.

Күзге қарай Биебай аға қырық басқа жуық баспаққа бақташы болды. Қыс түсе сала жаздай атқарылған жұмыстарына еңбекақыға 3-4 қап қара күріш берген еді. Оны көп ұзамай соғыс мұқтажы деп қайтарып алды. Жылы киім өткізу міндеттеліп, оған қой терісінен илеп тіккен тонын да өткізді. Бағылып отырған баспақ «Шолақарық» жағасында қыстап шыққан еді. Қыс ортасында Бірқазанның шығыс жағында «Қаралағаш» деген жерге көшірді. Сол жерді қыстап отырған Пірмағанбетке баспақ өткізілді. Биебай ФЗО-ға (фабрика заводтық оқу) шақырту келді. Қызылордадан 3-4 күнде қайтып келді. Келгеннен кейін «экспедиция» деген атауы бар жұмысқа алынды. Апталап жоқ болып кетеді. Кейде 5-10 келідей ұн алып келеді.

Қыстың аяғына қарай колхозшылардың жиналысы болып, оған Пірмағанбет қатысып келген болатын. Жиналыста соғыс мұқтажы үшін біздің үйдің айғырын алынатын айтыпты. Пірмағанбет әкеме: «Мен айтты демеңіз, ендігісін өзіңіз білесіз», – деп ақталғандай болды. Бұл хабарды естіген әкеміз айғырды басқа жаққа апаруды ұйғарды. Қазіргі қаланың «Коммунизм» деп аталатын мөлтек ауданы бұрыңғы «Кооператор» колхозы болатын. Осы колхоздың мал шаруашылығымен айналысатын Байұлы деген өзімен тетелес інісі болатын. Ол кісі 15-16 шақырымдай қашықтағы «Қостам» деген жерде тұрды. Айғырды сол інісінің қолына әкеліп тапсырады.

Пірекеңнің көрші ақысына адалдығына алғыстан басқа не айтуға болады. Жатқан жері жұмақтың төрі болғай. Ертеңіне түске таман винтовка асынған бір орыс пен қазақ кісі келді. Сұрағына дайындалған жауап: «Екі күн болды айғырды сату үшін Қызылордаға кеткен, әлі келмей жатыр ғой», – деген сөз еді.

1943 жыл. Жаз жайлауымыз «Әулиежыңғыл» деген жерде болды. Шешеміз ерте тұрып, қолда бар 7-8 қой-ешкіні сауып беріп, егіс басына жұмысқа кетеді. Мен сол малды және көрші Қарашаш әжемнің төрт-бес уақ малын жайылымға айдап бағып, түс қайта алып келемін.

Бір күні цирк келіпті. Кешке ойын көрсетеді деген хабар таратады. Қамыстан соғылған қақыра үйдің алды құмшауыттау бос жер болатын. Екі орыс түрлі ойындар көрсетіп жүр. Оның бір сөзіне де түсінбеймін. Ең қызығы біреуінің аюмен күресуі болды. Аю артқы екі аяқпен тік тұрады. Адаммен адамша құшақтасады. Күресте оншақты рет аю жеңімпаз болды. Бір күресінде ғана орыс аюды құлатып жеңіске жетті. Екі қолын көтерген орыс мәз болып тұр. Көрермендер ду қол шапалақтап, ойыннан тарасты.

Бір күні үй жағалап бір апай келді. Қолында дәптері мен қаламы бар. Мектепке балалардың оқуына есеп алып жүргенін айтты. Біздің үйдегі баланың оқуына әлі жасы жетпеген деп, әкемнің тізімге жаздырғысы келмейді. Сол уақытта сауатты болсаң ұлт ардақтылары сияқты құғынға түсесің деген қорқыныш әкемнің есінде әлі жүрген ғой. Өзінің де кудаланып, алты жылдай қырғыз, өзбек жерінде болғаны бар. Мен оны түсінем бе мектепке баратынымды айтып тұрып алдым. Өйткені бұл кезде менің сегіз жасқа келген кезім. Ақыры тізімге ілігіп, мектепке баратын болдым.

Жайлауға жақын жерде егілген бақша дақылының басында отырып, 7-8 шақырымдай орталықтағы мектепке қатынадық. Тек қазан айының аяғында орталыққа көшіп келдік. Сабақты өткізетін өзіміздің туысқан ағамыз Жақыпов Бейсен Мықанұлы болатын. Соғыс басталғанда алғашқылардың бірі болып майданға аттанған. Бір аяқтың ортан жілігінің ортасынан төменгі жағын майдан даласына қалдырған екен. Қолтыққа тірелген балдаққа сүйеніп, бір аяқпен тұрып сабақ өткізді.

Орталыққа көшіп келгенде Қарашаш әжеміздің үйіне жақын жертөлеге орналастық. Әжеміздің екі ұлы Тоқтарбай мен Тұрсынбай соғыс майданында болатын. Күнкөріс жағдай ауырлай бастады. 1943 жылдың аяғы болуы керек, тағы да көшу басталды. Шешемнің туған інісі Байұзақ оқудан қол үзіп, жұмыс істеуге кіріседі. Қызылорда қаласында «Военторг» мекемесінің қосалқы (подхоз) шаруашылығы көкөніс егетін болған. Ол қазіргі «Талсуат» елді мекеніне жақын теміржолдың теріскей беті болған. Алдымен жұмысшы, кейін есепші болып жұмыс атқарған. Ол шаруашылықтың бір отар қойы және қырық шақты

сиыры бар еді. Ол мал шаруашылығы қаладан 35-40 шақырымдай қашықта, «Кілемжайған» атты жерде екен. Сол сиырды Биебай ағам бағатын болып орналасқан. Дәл осы «Кілемжайған» жерінде біздің үй орналасты. Сауаты жоқ әкеміз сол ферманың басшысы болып тағайындалды. Бұзаулаған сиырлар сауылып, сарымай дайындалады. Майды 12-15 күнде жөнелтетін еді.

Күзге қарай өрісте жүрген бір сиыр уланған болуы керек, өліп қалды. Он сегіз жасқа толмаған Биебайды әскерге дайындау үшін военкоматтан шақырту келді. Алматы төңірегінде арнайы жаттығудан өтетін болды. Сиырдың өліміне байланысты әкемді қызметінен босатты. Үй «Военторг» қосалқы шаруашылығымен іргелес орналасқан. «Авиашколдың» қосалқы шаруашылығына көшіп келді.

1945 жыл мамыр айында соғыстың жеңіспен аяқталуы, халықтың бұғаудан босағандай дәуірі туды ғой. Әкеміз осы шаруашылықтың егісіне қарауыл болып орналасты.

Күзгі сабақтың басталуына «Колос» колхозындағы мектептің бірінші класының партасына барып отырдым. Бір екі аптада мені екінші класқа көшірді. Бұл менің бұрыңғы Жаңатұрмыстағы әріп танығандығымның арқасы ғой.

Сол жылдары жеке үйлерге егістік жер берілді. Көкөніспен қатар дәнді дақыл, жүгері, тары егіліп, бірнеше қап астық алынды. Қыс қыстайтын орын Жүсіпбектің жертөлесі бізге тиді. Жүсіпбек жертөленің бір қабырғасынан тесіп үңгір жасапты. Сол үңгірде соғыстан қашып келген інісі жасырынып отырған екен. Ол қабырға бетіне алаша не кілем тұтып қоятын.

Осы қыстық ішінде орны толмас қасірет інім Аманбай үш жасында науқастанып қайтыс болды. 1946 жылы көктемде туған жер, ата қоныс деп Жалғызжалға үйіміз көшіп келді. Ақтоғандағы бастауыш (төрт жылдық) мектепті бітірдім. 1947 жылы көктемінде Жалғызжалға Қызылқайың совхозының мал фермасы келді. 1947-1950 жылдары әкем осы фермасының түйесі мен жылқысын бақты. Менің жазғы демалысым түйенің қомында, аттың жалында өтті.

1948-1953 жылдар аралығында «Бірінші май» колхозындағы Г.К.Орджоникидзе орта мектебінде білім алдым. Онынші кластың екінші оқу тоқсанының аяғына қарай мектеп директоры С.Усабаевтың кабинетіне шақыртып, менің интернаттан шығарылатынымды айтты. Оның себебі әкемнің мал бақпайтындығы еді. Бұл кезде менің әкемнің 71 жасқа шыққан кезі болатын. Сонымен соңғы екі тоқсан оқуды Қызылорда қаласындағы П.Д.Осипенко атындағы аралас (қазақ-орыс) мектебінде білім алдым. Қалада нағашы ағамның үйінде жаттым.

Аттестат алып, арман қуып, Алматыға бардым. Зоотехникалық мал дәрігерлік институтқа құжат тапсырдым. Емтиханға кіріп билет алғанда сұрақтар орыс тілінде жазылыпты. Қиналыспен алғашқы екі емтиханды өткіздім. Келесі емтихан орыс тілі және әдебиетінен шығарма жазу екен. Өмірі қазақ ауылында, оның ішінде елден шет малшы елде өскен жанның орысшасы белгілі ғой. 1953 жылы қыркүйек айында КПСС ОК-нің пленумында Н.С.Хрущев Бас хатшы болып сайланған болатын. Оның ашқан басты жаңалығының бірі «Кеңес өкіметінің халқы орыс тілін неғұрлым ертерек меңгерсе, Коммунизмге соғұрлым ерте жетеміз», – деген сандырағына алғашқылардың бірі болып мен іліктім. Сол Коммунизмінің аяғы 1963 жылдың аяғында халықты арпа мен сұлы ұнының өзіне зар қылып қойды ғой.

Елге келіп мал фермада жұмысшы болдым. 1954 жылдың аяғы 1955 жылдың бас кезінде науқастанып 4-5 айдай ауруханада жатып шықтым. Жазға қарай учетщик (кіші есепші) деген атпен жұмыс атқардым. Күзде Қызылорда қаласындағы ауыл шаруашылық техникумына қабылданып, 1958 жылы бітіріп шықтым. Қызылорда қаласындағы автомобильдерді жөндеу шеберханасында слесарь болып жұмысқа кірістім. 1960-1965 жылдары Тартоғай совхозы №4 фермасында радист, қосалқы бастауыш мектепте мұғалімдік қызметті қоса атқарып, 1960-1965 жылдары Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы институтты сырттай оқып, тарих пәні мұғалімі мамандығын алдым.

1965-1967 жылдары Шиелі ауданына қарасты №153 Тартоғай қазақ орта мектебінде мамандығын бойынша қызмет атқардым. 1967-1971 жылдары Қызылорда қаласында жұмысшы жастар кешкі мектебінде және 1968-1970 жылдары Облыстық кәсіптік техникалық білім беру басқармасында қосымша тәлімгер болып қызметтер атқардым. Одан әрі қарай еңбек жолымды 1972-1976 оқу жылдары қаладағы ВЛКСМ-ның 50 жылдығы атындағы №212 қазақ орта мектебінде мұғалім болып, балаларға білмім мен тәрбие беруге өмірімді арнадым десем де болады.

1976-1986 жылдар аралығында №253 қазақ орта мектебінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кейін мұғалімдік қызметтерін атқардым. 1980-2000 жылдары №212 мектепте мұғалімдік еңбек жасап, осы мектептен зейнеткерлікке шықтым.

Кезінде 1967 жылы КПСС қатарына қабылданған едім. Сонымен елге 45 жылдай еңбек жасап, жайлы демалыс күндерім өтуде. Еңбек атқару барысында 1976 жылдан бастап №253, №212 мектептерде бастауыш партия ұйымының хатшысы және облыстық соттың халық заседателі болып қоғамдық жұмыстар атқарған болатынмын. Облыстық ішкі істер бөлімі мен облыстық оқу бөлімінің «Құрмет» грамотасы, 2 рет облыстық ардагерлер кеңесінің, оншақты рет қалалық білім бөлімі мен мектеп дирекциясының алхыс хаттарымен марапатталып, 1988 жылы «Еңбек ардагері», 4 рет Ұлы Отан соғысындағы жеңісінің «Мерекелік» медальдарымен марапатталдым. 2023 жылы оқу-ағарту министрі Ғ.Б.Бисембаевтың Алғыс хатын алдым.

Отбасымызда жұбайым Ағыбайқызы Әлимаш екеуміз 6 ұл өсіріп, одан 14 немере, 21 шөбере көріп, ата-әже атандық. Өкініштісі 1993 жылы үлкен ұлымыз Серік 32 жасында ұзақ науқастан, екінші ұлымыз Мейрамбек 2013 жылы 49 жасында жүрек талмасынан өмірден өтті. Құдай қосқан қосағым Әлимаш 2017 жылы 76 жасқа қараған шағында ұзақ науқастан көз жұмды.

Қазіргі уақытта ұлдарым мен келіндерім және немерелерім түрлі салада жемісті еңбек етуде. Ал өзім қазір тоқсан бір жастың ішіне еніп, ел тыныштығы мен ұрпақтарының аман-саулығының тілеуқоры болып отырмын.

Есіме түскендерді баяндаған жоғарыдағы естелігімдегі менің балалық шағым – сол кездегі мыңдаған қазақ баласының тағдырының бір көрінісі. Біздер бала болсақ та, сол жылдардағы ауыртпалықты көтере білдік, еңбекпен шыңдалып, болашаққа жол салдық. Балалық бал дәуренін соғыс ұрлаған бұл ұрпақтың осыншама төзімділігі мен қажыр-қайраты кейінгі ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Жолдыбай НҰРЫМЖАНҰЛЫ,
Еңбек ардагері, ұстаз

КӘСІБІНЕ АДАЛДЫҚПЕН ҚАРАҒАН

ЖАН

Ақ халат – дәрігердің ғана емес, үміт пен сенімнің символы. Осы сенімді терең сезініп, маңызын түсінетін жан – Нұргүл Жалыбекқызы. Ол – Қызылорда қаласындағы №6 қалалық емханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары, кәсіби тәжірибесі мол, адамгершілік қағидалары берік дәрігер-ұйымдастырушы.

Нұргүл ханым өзінің еңбек жолын қарапайым учаскелік дәрігер болудан бастаған. Медицина әлеміне алғашқы қадамын С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде «Терапия» мамандығы бойынша білім алып, Астана қаласындағы Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған госпитальде жасаған. Бұл жерде ол кәсіби шеберлігін шыңдап, үлкендерге деген құрмет пен ықыластың ерекше үлгісін көрсетті.

2014-2018 жылдары қаламыздағы №1 емханада терапевт болып қызмет етіп, кейін №3 емханада күндізгі стационар бөлімінің меңгерушісі болды. Сонымен қатар қосалқы жедел жәрдем стансасында да дәрігерлік міндеттерді атқарып, адам жанына дер кезінде араша түсудің үлгісін көрсетті. Ал 2018 жылдан бері №6 емханада бас дәрігердің орынбасары ретінде сапалы медициналық қызметті ұйымдастыру, емдеу сапасын арттыру бағытында нәтижелі жұмыс атқарып келеді.

Нұргүл Жалыбекқызы – кәсібін терең меңгерген, заманауи талаптарға бейімделген, басқару ісіне де жетік маман. Ол күнделікті қызметінде тек емдеумен шектелмей, жас мамандарға бағыт-бағдар беріп, тәжірибесін үйретуге де уақыт бөледі. Әріптестері оны біліктілігі мен қарапайымдылығы үшін құрметтейді, ал емделуші сеніммен қарайды. Оның басты ұстанымы – әрбір науқасқа сапалы әрі жанашырлықпен қызмет көрсету.

Медицина – үздіксіз даму мен ұдайы жаңашылдықты талап ететін сала. Нұргүл ханым да осы үдерістен қалыс қалмай, біліктілігін арттыру, жаңа тәсілдер мен технологияларды меңгеру жолында үнемі ізденіс үстінде жүреді. Нұргүл Жалыбекқызы тек кәсіби қызметімен ғана емес, жүрек жылуын қайырымдылық істерімен де бөлісіп келеді. Ол мұқтаж жандарға көмек көрсетуге үнемі атсалысып, емхана ұжымы арасында да қайырымдылық шараларын ұйымдастырып отырады. Адамгершілік пен жанашырлықты өмірлік ұстаным еткен Нұргүл ханымның бұл қасиеті оны ел алдында ерекше құрметке бөлеп жүр.

Нұргүл Жалғасбаева – дәрігер болуды мамандықтан жоғары миссия деп қабылдайтын жан. Оның әрбір ісі, айтқан сөзі мен қабылдаған шешімі жүректен шығып, жүрекке жетеді. Ол үшін бір адамның денсаулығы – бүтін бір отбасының бақыты, ал әрбір сауыққан жан – еткен еңбектің шынайы жемісі.

Осындай жүрек жылуын кәсібіне арнаған тұлғалар – қоғамның тірегі, елдің сенімі. Нұргүл Жалыбекқызы – сол сенім үдесінен шығып жүрген ақ халатты абзал жандардың бірі.

Жансая ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

Айдана Бақытжанова – «AQ Qurak» брендінің негізін қалаушы. Қызылорда облысы, Арал қаласының тумасы. Ақтөбе қаласындағы Құдайберген Жұбанов атындағы университеттің «Сән дизайнері» мамандығының 5 курс студенті. Сән мен сұлулықты үйлестірген жас маман ұлттық нақыштағы киімдерді нарыққа шығаруда.

ҰЛТТЫҚ НАҚЫШ – ЗАМАНАУИ СӘН ҮЛГІСІНДЕ

– Айдана Әнуарбекқызы, сіздің жасаған киім үлгілеріңіз өте ерекше екенін байқадым. Бұл жұмыспен айналысқаныңызға қанша уақыт болды?

– Бала күннен қуыршақтарға киім тігуге әуес болдым. Екі әжем де, анам да тігіншілікпен айналысты. Мен де осы кісілерге ілесіп, күнделікті көргенімді істейтін едім. Нағашы әжемнің көзін көре алмасам да, ол кісінің қолынан шыққан киімдердің ерекше екенін байқадым. Отбасымның айтуы бойынша, ол кісі өзінің қыздарына киім тіккен екен. Ал әжем құрақ көрпе тігеді. Ал оның қолынан шығатын бұйымдарды туған-туыстарым қуана-қуана сыйлық ретінде алатын. Үйде бар көрпе-көпшіктің бәрі осы кісінің қолынан шықты десем де болады. Кейін студент кезімде 2 курстан бастап біз киім тіге бастадық. Сол кезден бері мен үзбей осы іспен айналысамын. Киім тіккенде менде белгілі бір «ереже» жоқ еді. Алғашында қолмен тігетін едім. Университетке келгелі тігін мәшинесін қолданып үйрендім. Сол кезде алғаш киім үлгілеріне идея келе бастады.

– Брендті құру идеясы сізге қалай келді?

– 2023 жылдан бастап, Наурыз мерекесінің қарсаңында этно-киімдер танымал бола бастады. Университетте де қыздар мейрам кездері ұлттық оюмен әрленген киімдерді киюші еді. Сол кезде тапсырыс қабылдап, үйде тіктім. «Кәсібім өрлесін» деп маған тігін мәшинесін алып берген еді. Әлеуметтік желілерді ашып, киімдерді салған күннен – ақ алғаш тапсырыстар түсе бастады. Бірақ бренд «бір сезондық» болды. Себебі белсенділікті мен тек Наурыз мерекесінің қарсаңында көрсететін едім. Ал биыл мен тапсырыстарды тек мейрамда ғана емес, тұрақты түрде қолға алғым келді. Жаңа идея, жаңа көзқарас керек болды. Сол сәтте құрбым екеумізге мынандай ой келді: «Неліктен қазақша киімді классикалық үлгіде жасамасқа? Офистік стильде жасасақ, күнделікті киген кезде де әдемі көрінер еді». Осылайша құрбым әрі группаласым – Камила Ақпанқызы екеуміз осы жобаны қолға алдық.

– Неге брендтің аты «AQ Qurak»?

– Мүмкін әжемнің жасаған құрақ көрпелерін көріп өскеннен болар, осы атау жүрегіме жақын болды. Бір жағынан атау әр қазаққа таныс болған соң, жылылық ұялатады деген ой да болды. Ал «AQ» – Камила екеуміздің инициалдарымыз.

Біздің негізгі мақсат – дәстүр мен заманауилықты ұштастыру. Құрақ матаны қазақ дәстүрінде көрпемен жеткізсе, біз оны киіммен жеткіземіз деп шештік.

Нарықты зерттеген кезде ұлттық киімнің бомбер секілді күнделікті киім үлгілерімен ұштасқанын байқадық. Ал біз назардан тыс қалған – классикалық стильді дамытқымыз келді. Сол кезде әртүрлі саладағы мамандар жұмысқа ұлттық стильдегі киімдерді күнделікті киіп бара алатын еді.

Стиль – ең алғаш мән беретін ерекшелік болса, екіншісі – сапа. Киімнің тігістері сөгіліп тұрса, стильдің мәні болмайды деп санаймын. Сол үшін матаны қолжетімді, әрі сапалы болатындай қылып таңдадық. Киімнің адамның үстінде қалай тұратынында белгілеп, кигенде қонымды, жайлы болуына мән бердік. Өйткені киім ыңғайлы болмаса, адам өзін жайсыз сезінеді.

– Ұлттық киім мен заманауи стильді үйлестіруде қандай қиындықтар кездеседі?

– Осы күнге дейін қиындықтар туындаған жоқ. Алайда этностильді заманауи киіммен ұштастырған кезде әрбір ою-өрнектің түсіне, үйлесімділігіне аса қатты мән беру қажет. Офистық стиль болғандықтан өрнектердің түсі қанық болмауы шарт. Себебі ол кезде киімді күнделікті киімдермен ұштастыру қиынға соғады.

Ең басты қиындық – аудитория жинау. Сол себепті біз маркетингке көңіл бөліп жатырмыз.

– Бір киім тігу процесі қанша уақыт алады?

– Дизайн құрастыру уақытын есептемегенде, мата таңдау, құрастыру кезі, тігу процесі шамамен 5 сағат алады.

– Дизайн жасаған кезде қайдан шабыт аласыз? Бәлкім, қазақтың көне өрнектері, әжелеріміздің оюлы камзолдары әсер еткен шығар?

– Ойланып қарасам, мен осы уақытқа дейін шабыт іздемеппін. Мата таңдап жүріп, оны ұстап сезген кезде болашақ бұйым көз алдыма елестейді. Әшекей бұйымдар сататын жерлерге көп барамын. Оларға да қарап, шабыт өзі келеді.

– Брендтеріңізде қай киім үлгісі ең көп сұранысқа ие? Жастар қандай киімдерді көбірек таңдайды?

– Ашылғанымызға көп уақыт болған жоқ. Соған қарамастан көп тапсырыстар қабылдадық. Соның ішінде танымалы – этнокорсет. Ал жилеттерге қатты сұраныс болмағанымен, қызығушылық танытатындар өте көп.

– Сіз үшін қазақша киімнің ерекшелігі неде?

– Әр ұлттың өзінің ерекшеліктері болады. Түркі халықтарының киім үлгісі бір-біріне ұқсас. Алайда қазақ киімдері қанық түспен ерекшеленеді деп ойлаймын. Мысалы қырғыз бен өзбек халқының киімдері көбіне байсалды түстерде. Қатты ашық не күңгүрт те емес. Ал бізде көк, қызыл, алтын түстер жиі қолданылған. Бірақ ата-бабаларымыз күміс әшекей бұйымдарды таққан.

Ал қазақ халқының ою-өрнектері мүлдем өзгеше. Өзбек халқының киімдеріне қарасаңыз, ол жақтағы өрнектер көзге ұқсас екенін байқайсыз, ал қырғыз бен қазақтарда ұқсастық бар. Бірақ олардың оюлары дөңгеленіп кетеді. Бізде әр элементтің өз мағынасы бар.

Қолданылған материалдар да бөлек. Ол әр халықтың тұрмыс-тіршілігіне, қоныстанған мекеніне, ауа-райына байланысты өзгешеленген. Бізде аң терісі көп пайдаланылды. Қысқы аязға төзімді болды. Тарихқа қарасаң өмір салтымыз арқылы киім үлгісі қалыптасқан.

Қазірде бізде қазақи комзол әлі де қолданыста бар, «Қыз ұзату» да сәукелесіз өтпейді. Өздеріңіз байқағандай қазақтың оюлары заманауи стильдегі киімдерден көрініс табуда. Бір жағынан әшекейлер де қолжетімді болғандықтан қазіргі уақытта танымалдыққа ие.

– Қалай ойлайсыз қазір қазақ нақыштағы киім үлгілері сұранысқа ие ме?

– Бұрын «Наурыз» мейрамын тек 21–22 күндері тойлайтын. Ал қазір бұл мейрамға бір ай дайындалып, бір апта атап өтілуде. Менің ойымша, осының әсерінен қазіргі жастар қазақи нақыштағы киімдердің қолданысқа ие болуына әсер етті.

Қазіргі уақытта Қазақстанда бір емес, ондаған қазақи нақыштағы брендтер бар. Бұл үлкен нәтиже деп ойлаймын. Жастар да, ересектер де қызығушылық танытатыны осыдан. Біздің де осы қатардан қалыспайық деп идеямызды жүзеге асырдық.

– Сұқбат үшін рақмет!

Мерей ШӘКРАТ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
студенті

АЛМАТЫ – АРМАН ҚАЛА

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының «Жас ақын» жобасы аясында «Алматы – арман қала» атты республикалық жас ақындар мүшәйрасы өтті.

Байқауға Қазақстанның түкпір-түкпірінен 100-ден аса шығарма ұсынылып, нәтижесінде 6 ақынның өлеңі іріктеліп алынған. Жыр додасының бас төрешісі болған белгілі ақын, драматург Бақыт Беделхан қатысушыларға әділ қазылық етіп, ұсынылған туындыларға лайықты бағасын берді.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бас оқу ғимаратында өткен шараны Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Алмаз Кеңесбай ашып берді. Әрі қарай шарада еліміздің еңбек сіңірген қайраткері, белгілі әнші Құдайберген Бекіш әсем ән шырқап, кештің сәнін кіргізді.

Қазақ жастарының тілге деген құрметі мен елге деген сүйіспеншілігін ояту мақсатында ұйымдастырылған байқауда жас ақындар жүрегінен жыр төгіп, ару Алматының төрінде поэзия салтанат құрды.

Марапаттау кешінің нәтижесі бойынша жүлделі бірінші орынды Алматы облысы, Райымбек ауданының тумасы, ақын Қуаныш Жазай иеленсе, Шымкент қаласының аяулы ақын қыздары Арайлым Мұратәлиева мен Сезім Мергенбай жүлделі екінші орынды еншіледі. Ал үшінші орынға алматылық ақындар Нұртас Тұрғанбекұлы, Абай Әкрам және жерлесіміз, «Ақмешіт жастары» редакциясының тілшісі Аружан Оралбай лайық деп танылды. Жүзден жүйрік шыққан жеңімпаз жас ақындар арнайы дипломдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

«АЖ» ақпарат

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.
«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Абзал ЖОЛТЕРЕК

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Аружан ОРАЛБАЙ

Таралымы: 6893
Тапсырыс: 717